БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

Газет 1917 жылдың 28 шілдесінен бастап шығып келеді. 1968 жылы "Құрмет Белгісі" орденімен марапатталған

www.zhaikpress.kz oral_oniri@inbox.ru

www.facebook.com/zhaikpress twitter.com/zhaikpress www.instagram.com/zhaikpress

JAIYQ PRESS

# ORAL ÓŃIRI

6+

№40 (21433)

*Бейсенбі,*

15 мамыр 2025 жыл


## ЕКІ ЖАҚСЫ



**15 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОТБАСЫ КҮНІ**

Бүгіндері 20-ға жуық немере мен елуден астам шөбере-жиеншардың қызығына бөленіп отырған кейіпкерлеріміз Ізғали ата мен Күләш әже 1960 жылы отау құрған.

9-бет

## ЖЕҢІМПАЗДАР



**ОТ КЕШКЕН ОҒЛАН**

Зейіт балалық шақ, бал жылдардың қызығын көрмей өсті. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының басындағы ашаршылық Рыспеков әулетін айналып өтпеді. Зейіт ата-анасынан ерте айырылды. Інісі Момбек екеуі біріне-бірі көз бола жүріп, балалар үйінде тәрбиеленді. Еселі еңбекпен нан табуды ойлаған Зейіт бозбала шағында шоферлік курсты аяқтап, техникаға деген қызығушылығының арқасында автокөлік жүргізуші болып еңбек жолын бастайды.

12-бет

## БАСТЫ БАЙЛЫҚ



**ҮЗІЛМЕГЕН ҮМІТ НЕМЕСЕ БАЛАЛЫ БОЛУДЫҢ БАЛАМА ЖОЛЫ**

«Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» демекші, отау құрған ерлі-зайыптылар дүниеге ұрпақ әкелуді, үрім-бұтағын жалғастыруды ең үлкен бақытына балайды.

14-15-бет

# «Адалдық пен арамдық арпалысқан заманда арамдықтан сақтасын...»





**12-14 мамыр күндері Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапарымен келген ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев облыс активі, сала мамандары, үкіметтік емес ұйымдардың мүшелері, қоғам белсенділерімен кездесті. М. Отарбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың стратегиялық жобажоспары, мемлекеттік саясаттың бағыт-бағдары, Ұлттық құрылтайдың мән-маңызы жайында баяндады.**



2-5

# «Парыз – 2025» шақырады

**Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы өңірдегі кәсіпорын ұжымдарын, кәсіпкерлерді бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «ПАРЫЗ – 2025» республикалық байқауына қатысуға шақырады.**

Байқау екі кезеңнен (өңірлік және республикалық) тұрады. Оған қатысу тегін. Шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері төрт аталым («Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын», «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын», «Үздік ұжымдық шарт», «Экологияға қосқан үлесі үшін») бойынша өзара үздікті анықтайды. Байқау аясында «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы» арнайы сыйлығы табыс етіледі.

Құжаттарды қабылдау мерзімі **1 тамызға** дейін.

Конкурс туралы толық ақпаратты облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-social?lang=kk сайтынан және bqo_jumyspen_qamty инстаграм, https://www.facebook.com/bqo.jumyspen.qamty фейсбук әлеуметтік желілері арқылы білуге болады.

Байқауға қатысты өзге ақпаратты білу үшін Орал қаласы, Сарайшық көшесі, 44/2 мекенжайында орналасқан ғимараттағы 209-бөлмеге келуге және 8(7112) 51-28-66, 50-50-99 телефон нөмірлері бойынша хабарласуға болады. Электронды мекенжайымыз: lu.zhadenova@bko.gov.kz.









# «Адалдық пен арамдық арпалысқан заманда арамдықтан сақтасын...»

**Өңірге жұмыс сапарымен келген ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев облыс әкімдігінің «Астана» залында облыс активімен кездесті.**

**Гүлбаршын ӘЖІГЕРЕЕВА, «Орал өңірі»**

Мәди САЛЫҚ

Актив жиынында облыс әкімі Нариман Төреғалиев Ұлттық құрылтайдың IV отырысының қорытындылары мен Мемлекет басшысының тапсырмаларының орындалу барысын баян етті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еліміздің тұрақты дамуы үшін бірқатар маңызды мәселелер көтеріп, өңірлердің өркендеуіне айрықша мән беруде. Оның ішінде: жаңа экономикалық саясат, инвестиция тарту, әлеуметтік қолдау шараларын күшейту, өңірлерді дамыту және аймақтардағы инфрақұрылымды жаңғырту, экологиялық мәселелерді шешу, жергілікті басқару жүйесін жетілдіру бағытындағы тапсырмалары бар, – деді облыс басшысы.

«Қуатты өңір – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында өңірде ауқымды істер атқарылуда. 2023–2024 жылдары Батыс Қазақстан облысында 900 млрд теңге көлемінде жеке инвестиция тартылды. 22 мектеп, 38 медициналық, 6 мәдениет және 8 спорт мекемесі салынды. 1 мың шақырымнан астам жол жөнделді. Шалғай аудандарға дейін жол тартылып, облыс орталығымен байланыс қамтамасыз етілді. Тозығы жеткен коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Өткен жылы облыс экономикасының негізгі салаларына тұрақты өсім тән. 2023-2024 жылдары өңір экономикасына 1,2 трлн теңге инвестиция тартылды. Өткен жылдың өзінде 104 млрд теңгеге 21 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Былтыр облыста 637,4 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Биыл 640 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беру жоспарлануда, соның ішінде апатты үйлер мәселесі шешіледі. Сондай-ақ өңір жастарын қолдау бағытында «Жайық жастары» бағдарламасы арқылы былтыр 600 млн теңгеге 41 тұрғын үй сатып алынса, биыл 2,5 млрд теңгеге 160 тұрғын үй алып беру жоспарланған.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2025 жылға дейін 50 медициналық нысан құрылысы жоспарланып, 2023-2024 жылдары 36 жаңа нысан пайдалануға берілді. Биыл қалған 14 нысан құрылысы аяқталады. Өткен жылы 6 жаңа мектептің (5 мыңға жуық орын) құрылысы аяқталды. Биыл 15 жаңа мектеп бой көтереді, оның 8-і – шағын жинақты (720 орын), 1-еуі орта мектеп (400 орын), алтауы «Жайлы мектеп» жобасы аясында салынады.

– Президенттің 2023 жылғы өңірге жұмыс сапары барысындағы тапсырмасы бойынша Орал қаласында «Жайық арена» көп функционалды спорт кешені ел игілігіне берілді. Спорт кешені 2 мыңға жуық адамды бір мезетте қабылдай алады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, барлық аудан орталықтарында 12 спорт кешені салынды. Орал қаласының Ақжайық шағын ауданында 7,5 млрд теңгеге 150 орындық мүгедектерді Оңалту орталығы пайдалануға берілді. Былтыр ауылдық жерлерде кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 14,1 млрд теңгеге 805 пәтер сатып алынды. Биылғы жоспар – 555 пәтер. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 5 мәдениет үйі және 2 кітапхананың, «ҚПО» компаниясы есебінен 7 мәдени-спорт кешенінің құрылысы жүруде, – деген Нариман Төреғалиев Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтай алаңында ұсынған барлық бастамаларын табысты әрі жедел жүзеге асыру басты міндет екенін айтты.

Жиында облыстық мәслихаттың хатшысы Мұрат Мұқаев депутаттардың өңірдегі қордаланған мәселелерді шешу жолында тынбай қызмет етіп жүргендерін баяндады. Жергілікті деңгейде шешімін таппаған маңызды мәселелер бойынша депутаттық сауалдар орталық мемлекеттік құрылымдарға және ҚР Парламентіне жолданған. Мысалға, облыстық мәслихат депутаттарымен ағымдағы жылда 46 депутаттық сауал жіберілді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде бірқатар елді мекендерде жолдар жөнделіп, мектептер мен медициналық мекемелер күрделі жөндеуден өтіп, ауыз су мәселелері оң шешімін тапты. Сонымен қатар түйткілді мәселелер де (мысалы, киік санын реттеу) айтылды.

– 2001 жылы Орал қаласының маңынан ортағасырлық Жайық қалашығының жұрты табылды. Осы қалашықты аспан асты музейге айналдыру мәселесін журналист ретінде көтеріп келемін. Бұл мәселенің екі мән-маңызы бар. Сарайшық қаласы секілді аспан асты музейі етсек, айналадағы ел-жұртқа, отандастарымызға тарихымыздың тереңнен тамыр тартатынын айғақтаймыз. Бурабай құрылтайында Мемлекет басшысы айтқандай, туризмді жүйелі жолға қою арқылы облыстың, Орал қаласының ішкі және сыртқы туризмдік тартымдылығын күрт арттырған болар едік. Ұлытау құрылтайында құрылтай мүшесі ретінде Мемлекет басшысының назарына 6-7 мәселені ұсындым. Соның бірі – шекара бойындағы елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық мұң-мұқтажын елдің ішіндегі ауыл-аудандарға қарағанда бірінші кезекте шешу. Атырау құрылтайы қарсаңында Бөрлі, Бәйтерек, Шыңғырлау аудандарының шекараға таяу орналасқан елді мекендерінде болып, ондағы ел-жұрттың өтінішін жазбаша түрде құрылтайдың хатшылығына жолдадым. Биылғы Бурабай құрылтайында Президент өзінің баяндамасында шекараға таяу елді мекендер туралы арнайы заң қабылданатынын айтты. «Бос жатқан жер жау шақырады» деген бұрынғылардан қалған сөз бар, шекарадағы елді мекендердегі тұрғындардың көшуін тоқтату үшін, ол жерлерге халық көбірек көшіп баруы үшін бірінші кезекте әлгіндей елді мекендердің, ауыл-аудандардың мұң-мұқтажын шешу керек. Осы бағытта облыс әкімінің ұйытқы болуымен біраз шаруа атқарылуда, – деді сөз кезегін алған Ұлттық құрылтай мүшесі, облыстық «Орал өңірі» газетінің бас редакторы, облыстық қоғамдық кеңестің Азаматтық қоғаммен байланыс комиссиясының төрағасы Бауыржан Ғұбайдуллин. Сонымен қатар журналист ретінде еліміздегі жеңіл өнеркәсіптің «ауыр» жағдайы туралы және саланы дамыту туралы ой-пікірімен бөлісті.

Актив жиынын қорытындылаған ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев қазіргі кездегі геосаяси жағдай, экономикасы дамыған мемлекеттер арасындағы экономикалық талас-тартыстар туралы, ондай саяси-экономикалық жағдайдың әлем елдеріне әсері, еліміздің ауыр сынақтардан (жарылыстар, су тасқыны, қаңтар оқиғасы және т. б.) сүрінбей өткені жайында кеңінен әңгімеледі.

«Ел Президентінің ұстанған саясаты – болашақта болжанып отырған қауіп-қатердің алдын алу жолдарын қарастыру», – деген Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысының мемлекетті дамыту бағытындағы түрлі саяси қадамдарына ой жүгіртті. Ел Президентінің Ұлттық құрылтай отырысында сөйлеген сөзінде жұмыстың бес басым бағытын белгілеп, көптеген мәселенің жүйелі шешімдерін айтып, Әділетті Қазақстанды құруға, әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға, тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге септігін тигізетін нақты міндеттерді айқындағанын тілге тиек етті.

– Ұлттық құрылтай отырысындағы ел Президентінің бағдарламалық баяндамасы – мемлекеттік маңызы бар құжат. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметкер міндетті түрде осы құжатпен танысуы керек. Бұл құжатты басты ұстаным етіп алған жөн. Өйткені бізде коммунизм кезінде жұмыс істеген біраз ағайын бізде ұлттық идеология жоқ деп жиі айтады. Ол – көпірме сөз. Ұлттық идеология бар. Мемлекет ұлттық идеологиямен жұмыс істеп отыр. Иә, кейбір тұстарын жіберіп алдық. Ол рас. Кейбір олқылықтарды біз қолдан жасап алдық. Ол рас. Енді біз қайтадан етек-жеңімізді жиып, бүкіл дүниемізді түгендеп жатырмыз, – деген Президент кеңесшісі Ұлттық құрылтайдың идеология саласына қатысты көптеген мәселенің шешімін табу үшін Президент тапсырмалары берілетінін жеткізді. Биылғы Ұлттық құрылтайда 53 мәселе көтерілсе, сол 53 мәселенің сөз жүзінде емес, іс жүзінде шешімін табу мақсатында Президент 53 тармақтан тұратын Жарлыққа қол қойды. Яғни бағдарламалық баяндамада айтылған мәселелер өз шешімін табады. Одан әрі Мәлік Нұржанұлы облыстық газеттерге жазылудың және кітап оқудың мән-маңызы туралы ой бөлісті. Өңірдің дамуына жақсы баға берді. Сөзін: «Жазушы Шерхан Мұртазаның айтқан сөзі бар еді. «Адалдық пен арамдық арпалысқан заманда Алла арамдықтан сақтасын. Тектілік пен тексіздік текетірескен қоғамда Тәңірі тексізділіктен сақтасын! Көргенділік пен көргенсіздік кескілескен кезеңде Құдай көргенсіздіктен сақтасын!» – деп аяқтады.

# «Ұлттық әдебиетті оқымаған адам ұлтқа қызмет ете алмайды»

**Облысқа келген ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев өңірдің имамдарымен және теологтарымен кездесті.**

**Ясипа РАБАЕВА, «Орал өңірі»**



Мәди САЛЫҚ

Жиында облыс әкімінің орынбасары Қайыржан Меңдіғалиев бұл басқосудың мақсаты – дін мен мемлекеттің өзара ынтымақтастығын арттыру, өзекті мәселелерді ортаға салу деп атап өтті. Сондай-ақ имамдар мен дін қызметкерлерінің ой-пікірлері тыңдалып, елдік мәселелер төңірегінде ашық диалог орнайтынына сенім білдірді. Басқосуда алдымен дін саласының мамандары сөз алды. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы БҚО бойынша өкілдігінің бас имамы Самат Әлібаев Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен дәстүрлі түрде өтіп жүрген Ұлттық құрылтайдың мән-мазмұнына тоқталды.

– Ұлттық құрылтай – мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты нығайтатын ашық диалог алаңы. Мұндай басқосу әр өңірдегі азаматтардың үнін билікке жеткізуге, нақты ұсыныстар мен пікірлерді ортаға салуға мүмкіндік береді. Құрылтайда ұлттық бірегейлік, әділетті қоғам құру, жастардың болашағы, тіл мен мәдениет, білім мен экономика секілді маңызды мәселелер талқылануда. Құрылтай қорытындысы бойынша қабылданатын шешімдер халықтың мүддесіне сай келіп, елдегі бірлік пен тұрақтылықты нығайта түседі деп сенеміз. Ислам діні – тәртіптің, әділеттің, ынтымақ пен ізгіліктің діні. Ал дәл осы ұғымдар қазіргі Жаңа Қазақстанның басты құндылықтарына айналып отыр. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың әділетті Қазақстан құру жолындағы реформалары – шариғаттың негізгі ұстанымдарымен үндес: әділ билік, парасатты қоғам, адам құқығы мен арнамысына құрмет. Дін қызметкерлері – елдің рухани тірегі. Қазіргі уақытта жастар тәрбиесінде, отбасы құндылықтарын насихаттауда, дін мен дәстүрді ұштастыруда имамдар мен ұстаздардың рөлі ерекше. Осы бағытта мемлекеттің қолдауы артып келе жатқанын қуанышпен айтамыз. Біз, дін қызметкерлері, осы бастамаларға қолдау көрсетіп, халыққа діни тұрғыда дұрыс насихат жеткізу арқылы елдің рухани иммунитетін нығайтуға дайынбыз, – деді облыстың бас имамы Самат Қанатқалиұлы.

## ТЕОЛОГҚА КӘСІБИ МӘРТЕБЕ ҚАЖЕТ

Облыстық дін істері басқармасы Дін мәселелерін зерттеу орталығы басшысының міндетін атқарушысы Абдувахид Бабаханов Ұлттық құрылтайдың IV отырысында дін саласына қатысты өзекті мәселелердің қозғалғанын жеткізді.

– Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев діннің басты миссиясы ұлтты ұйыстыру екенін атап өтіп, діни ұйымдардың қызметі осы ұстаныммен үндесуі тиіс екенін нақты айтты. Сонымен қатар заңнаманы заман талабына бейімдеу қажет деді. Шын мәнінде, дін – халықтың рухани тірегі. Қазіргі таңда бұл салада оң өзгерістермен қатар, терең зерделеуді қажет ететін бағыттар бар. Батыс Қазақстан облысындағы діни ахуал тұрақты болғанымен, әлі де сарапқа салатын мәселелер бар. Әсіресе, жастар мен дінге енді бет бұрып жүрген азаматтар арасында деструктивті идеологиялардың таралу қаупі сейілген жоқ. Профилактикалық және оңалту жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді. Тізімдегі азаматтармен жекелей кездесулер ұйымдастырылып, теологиялық түсіндіру жүргізілуде. Дегенмен бұл бағыттағы шараларды сапалы деңгейге көтеру қажет, – деді Абдувахид Абытханұлы. Сонымен бірге ол қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінде радикалды идеологияға қарсы оңалту жұмыстарын күшейту қажеттігін атап өтті. Ол діни тұрғыдан сотталғандарды оқшаулау және діндарлану деңгейін шектеу – түрме ішіндегі ахуалды тұрақтандыруға ықпал етеді деді. «Тағы бір өзекті мәселе – теолог мамандардың заңдық мәртебесінің айқындалмауы. Қазіргі таңда теологтардың кездесулерге қатысуы мен түсіндіру жұмыстарын жүргізуге құқықтық негіздің болмауы олардың қызметінің тиімділігіне әсер етіп отыр. Сондықтан теологтың кәсіби мәртебесін заңмен бекіту – уақыт талабы. Осы айтылған мәселелерді ескере отырып, дін саласына қатысты құқықтық және ұйымдастырушылық тетіктерді жетілдіру бағытында жоғары деңгейде қолдау болады деп сенеміз», – деді Дін мәселелерін зерттеу орталығы басшысының міндетін атқарушысы Абдувахид Бабаханов.

Облыстық орталық Ар-Рахман мешітінің наиб имамы Бағдат Шақаев халыққа дәстүр мен діннің егіз ұғым екені, екеуі үндессе, діннің дамитыны, дәстүрдің байитыны айтылып келе жатқанын жеткізді. Дін мен дәстүрдің сабақтастығы – қазақ халқының рухани тұтастығы мен ұлттық бірегейлігінің негізі. Бұл сабақтастықты сақтау және дамыту – болашақ ұрпақтың алдындағы маңызды міндет.

## ЕЛГЕ САНАЛЫ ҰРПАҚ КЕРЕК

Жергілікті дін қызметкерлерінің сөзін тыңдаған соң тізгінді Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев алды. Кеңесші бұл кездесуде Бурабайда өткен IV Ұлттық құрылтайда сөйлеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың баяндамасының өзегін түсіндіретінін айтты. Ұлттық құрылтай қызметінің негізгі мақсатын, жиында қабылданған шешімдердің азаматтық қоғамды нығайтуға, елдің әлеуметтік-экономикалық өсуіне ықпал ететінін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың IV отырысында талқыланған ұсыныстарды жүзеге асыру туралы 53 тармақтан тұратын жоспарға қол қойды. Былтырғы құрылтайда көтерілген мәселелердің шешімін табу үшін тоғыз заң қабылданды. Өйткені заңнамалық тұрғыда құжаттар реттелмесе, қордаланған мәселе сол күйі қала береді. Жыл сайынғы Ұлттық құрылтай – идеологиялық бағыт-бағдар. Жалпы мешіттер мен діннің, осы саладағы қызметкерлердің рөлін жоғары бағалаймыз және құрметпен қараймыз. Мүфтият қоғамдық ұйым болғанымен, идеология саласында үлкен қызмет атқарып келеді. Қазіргі қоғамда дінге деген қызығушылық белең алып отыр. Ал қоғам – тірі ағза. Жоғарыда айтып өткендей, қордаланған мәселелердің шешімі заң шеңберінде табылады. Алайда «Қоғам тірі организм болғандықтан заңмен ғана шектей беру қаншалықты пайдалы?» деген үлкен сұрақ туындайды. Заң қай кезде көбейеді? Мәдениет пен ұлттық руханият, сана деңгейі төмендесе, заң мен ереже көбейе береді. Себебі бар әр нәрсенің салдарын да жоққа шығармаған жөн, – деген Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысының бағдарламалық баяндамасындағы бес мәселеге тоқталды.

– Біріншіден, біз заң мен тәртіпке бағынатын, мойынсұнатын, әділдікті ту ететін қоғам ретінде нығаюымыз керек. Мен Түркияда бес жыл дипломатиялық қызмет атқардым. Осы елде дін арқылы патриоттық сана-сезімді қалай оятатыны жан-жақты зерттелді. Мысалы, онда ақ сәлдеге дақ түспеу керек деген ұғым бар. Дін жолында қызмет ететін әрбір азамат сәлдеге дақ түсірмеуі керек. Ал сәлдедегі дақ дінді бұзады, бәрін діннен бездіреді. Бүгіндері қоғамнан ерекшеленіп, басқа бағытта әңгіме айтып жүрген адамдар өзіне емес, дінге зиян келтіреді. Қазір бұл бағытта сын-пікірлердің аз емес екені белгілі. Сондықтан әркім тәртіпті өзінен бастауы тиіс. Қоғамды заң мен тәртіптің аясында өмір сүруге үндеуіміз қажет. Жүгінетініміз де, сүйенетініміз де – Ата заң. Бауыржан Момышұлы: «Тәртіпке бас иген құл болмайды» деген. Әлемде геосаяси жағдай өзгерді. Алпауыт мемлекеттердің арасында экономикалық, соның ішінде тарифтік талас-тартыс үдеп барады. Оның барлығы Қазақстанды айналып өтпейді. Біздің елге де соққы болып тиеді. Сондықтан дәл қазіргі негізгі міндетіміз – мемлекетті сақтау, мемлекетшілдік дәстүрді жалғастыру. Өйткені мемлекет мәңгі, біз – жолаушымыз. Әр азамат мемлекет алдындағы жауапкершілікті сезінуі қажет. Ол үшін заң мен тәртіпке бағынған жөн, – деді Президент кеңесшісі.

Мәлік Нұржанұлы айтқан екінші мәселе – ынтымақ пен бірлікті сақтау. Кеңесші ұлттық деңгейде ойлау қажеттігін, қазақтың руға бөлінбегенін, рудан құралғанын атап өтті. Үшіншіден, қоғамдық мәдениетті дамыту мәселесіне тоқталды. Ол үшін кітап оқу қажет деген кеңесші озық ойлы ұлтқа айналудың да жолы – оқу деді. Интелектуалдық деңгейді көтерген жөн. Себебі елге тобыр керек емес. Саналы ұрпақ қажет. «Дін қызметкерлері де кітап оқиды. Бірақ менің мешіт имамдарымен кездескен сайын айтарым, діни кітаптардан бөлек ұлттық әдебиетті де оқу керек. Өйткені ұлттық әдебиетті оқымаған адам ұлтқа қызмет ете алмайды. Қазақ жазушыларын оқымаған адам қазаққа қызмет етпейді. Мұны жасырудың қажеті жоқ. Ақын-жазушылардың шығармаларын оқымаған, ұлттық әдебиеттен сусындамаған азаматтар, әсіресе, идеология саласында қызмет етіп жүргендер, қазаққа ештеңе бере алмайды. Әсіресе, дін саласындағы қызметкерлердің әңгімесінен олардың қандай кітаппен шектеліп қалғанын білуге болады. Себебі әр жерде Абайды немесе Шәкәрімді тілге тиек ете берудің қажеті жоқ. Білім көкжиегін кеңейткен жөн», – деді Мәлік Отарбаев. Сонымен бірге ол қазіргі жастардың психологиялық кітаптарды көбірек оқитынын атап өтті. Ал ұлттық психология ұлттық әдебиетте екенін ұмытпау қажет. Президент кеңесшісі ғылым мен білімді дамыту мәселелеріне, Мемлекет басшысының «Қуатты аймақтар – қуатты ел» деген ұстанымына тоқталды. Отарбаев сөзін «Қызметті шынайы атқарсақ, болашақта түрлі қауіп-қатердің алдын аламыз» деп түйіндеді.

**ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік ОТАРБАЕВ:**

# «Газет-журнал оқу – ішкі мәдениетімізді дамытады»

**«ҚазИИТУ» ғылыми-білім кешеніндегі Студенттер сарайында ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаевпен кездесу өтті.**


Мәди САЛЫҚ

**Нұрым ҒҰМАР,**
**«Орал өңірі»**

Аталмыш іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Қайыржан Меңдіғалиев, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, облыстық «Орал өңірі» газетінің бас редакторы, облыстық қоғамдық кеңестің Азаматтық қоғаммен байланыс комиссиясының төрағасы Бауыржан Ғұбайдуллин, «ҚазИИТУ» ғылыми-білім кешенінің құрылтайшысы, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының вице-президенті Ақсерік Әйтімов, жоғары оқу орындарының ректорлары, ҚазИИТУ-ға қарасты білім мекемелерінің студенттері мен оқушылары қатысты.

Жиылған жұрт алдымен студенттер сарайының кіреберіс залында жасақталған көрмемен танысты. Мұнда Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің студенттері мен ақпараттық технологиялар мектеп-лицейінде білім алатын оқушылардың құрастырған тың технологиялық құрылғылары бар. Әсіресе оқушылардың робототехника жобасы аясында құрастырған жабдықтары көпшілік назарын аударды. Мектеп-лицейдің мұғалімі, робототехника, математика пәндерінің оқытушысы Бекнұр Қабдығалиев мектептің білім беру үдерісін баян етіп, осы жылы дрон үйірмесі ашылғанын айтты.

– Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар мектеп-лицейінде оқушылар робототехника бағытында екі платформа бойынша білім алады. Оған қоса, биыл цифрлық дрон, спорттық дрон деп аталатын қос үйірме өз жұмысын бастады. Біздегі білім алушы балалар алдымен дронның жасалу және меңгеру теориясымен танысып, компьютерлік жүйе арқылы ұшырып үйренеді. Ішкі бөлшектердің құрылысын толық меңгерген соң, ақауы бар, шағын ұшқыш аппараттарды жөндеуге көшеді. Әуеде сапалы бейнетүсірілім жасаудың да жолдарын үйретеміз. Шәкірттерім халықаралық деңгейдегі білім додаларынан жүлделі болып, үмітімізді ақтады. Мектеп-лицейде 100-ге жуық оқушы білім алады. Бірінші сыныптан бастап оқушыларды қабылдаймыз, – деді робототехника ұстазы Бекнұр Асқарұлы.

Көрме таныстырылымынан соң жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлытау, Түркістан, Атырау, Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайларда көтерген мәселелері мен ел әлеуетін ілгерілету мақсатында айтылған ой-пікірлері ортаға салынды. «ҚазИИТУ» ғылыми-білім кешенінің құрылтайшысы Ақсерік Сарыұлы ғылым және білім саласындағы жаңалықтар, мемлекеттік қолдау туралы айтты.

– Мемлекет басшысы әр өткен Ұлттық құрылтайда ғылым және жоғары білімді дамытудың маңыздылығына тоқталады. Осының нәтижесінде Жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды. Бүгінде ғылымға бөлінген қаржы 3,3 есе көбейді. Студенттердің шәкіртақысы мен оқытушылардың жалақысы артты. 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап бакалавриаттардың шәкіртақысы 20%-ға өссе, магистратура мен докторантура шәкіртақысы 15%-ға көбейді. Сондай-ақ жатақханадағы орын тапшылығы үш есе азайды. «ҚазИИТУ» ғылыми-білім кешені РФ-ның танымал оқу орны Ю. Гагарин атындағы Саратов мемлекеттік техникалық университетімен бірлесіп, ресурстық орталық ашты. Бұл орталық екі ЖОО оқытушыларының бір-бірімен тәжірибе алмасуына және жас мамандардың жаңа ғылыми жобаларды іске асыруына жол ашады. Қаламыздың С. Тюленин көшесінің бойында орналасқан тұрғын үй кешенінен 36 жас ғалым баспаналы болды. Оған қоса, сегіз жас ғалымға жаңа пәтер дайын тұр. Бұл – ғылымды өркендету үшін әрі жастарды осы салаға тарту мақсатында жасалып жатқан айрықша іс. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, қазіргі уақыт – білім мен ғылымның заманы. Отанымызды көркейтеміз десек, ең алдымен осы екі саланы дамыту қажет, – деді Ақсерік Сарыұлы.

Одан кейін сөз кезегі ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаевқа ұсынылды. Ол Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдағы ел Президентінің бағдарламалық баяндамасын тарқатып берді. Сондай-ақ Батыс Қазақстан облысындағы айрықша жобаларды сөзіне өзек етіп, ғылым жолындағы жерлес тұлғалардың еңбегін жоғары бағалайтынын айтты. Ізденімпаз аға буынның еселі еңбегін тілге тиек ете келе, жас ғалымдар мен студенттерді оқуға, ізденуге шақырып, білім – болашақтың кепілі екенін алға тартты.

– Осы жылы өткен Ұлттық құрылтайда көтерілген өзекті мәселелерді шешу үшін ел Президенті 53 тармақтан тұратын жоспарға қол қойды. Ұлттық құрылтайда қозғалған мәселелер сөз жүзінде қалып қоймай, оның шешімі табылып, іс жүзінде жүзеге асады. Былтырғы көктемгі су тасқынынан Жайық жұртшылығы көп зардап шекті. Осы бір күрделі кезеңде барлық азамат жұдырықтай жұмылып, тасқынға тосқын бола білді. Өкінішке қарай, табиғаттың бұл тосын құбылысы 2828 батысқазақстандықтың үйін жарамсыз күйге ұшыратты. 889 үй жаңадан салынып, 1939 үй сатып алынып, баспанасынан айырылған тұрғындарға табыс етілді. Су тасқыны әсерінен үйсіз қалған барлық батықазақстандыққа баспана беріледі деген Мемлекет басшысының уәдесі толық орындалды. Бұл бастамаға облыс әкімдігімен қатар жанашыр азаматтар, белсенді қала тұрғындары бір кісідей атсалысты. Өткен жылғы жоспар бойынша БҚО-да 30-ға жуық мектеп салыну керек еді. Алайда су тасқыны ол мақсатымызды кейінге шегеруге мәжбүр етті. Бірақ соған қарамастан алты мектеп салынды және осы жылы 17 мектеп салу жоспарда тұр. Батыс Қазақстан облысында өңірлік деңгейде қабылданған бағдарлама аясында 600-ден астам тұрғын қаладан ауылдарға көшіп, ауылды дамытып отыр. Ақ Жайық өңірі су тасқынына қарамастан, бір ғана жылдың ішінде 100-ден астам млрд теңге қаражатты құрайтын 30-ға жуық инвестициялық жобаларды жүзеге асырды. Су тасқынына байланысты салынған үйлерді есептемегенде 55 нысан бой көтеріп, 1032 шақырым жол жөнделіп, салынды. Бұл – бір облыс үшін көңіл қуантарлық, үлкен көрсеткіш. Қазақстан бойынша 4400 шақырым жол жөнделіп, салынса, оның төрттен бір бөлігі БҚО-ға тиесілі. Егемен еліміз аман, ел ынтымағы берік болса, бағындырар белесіміз әлі алда, – деді ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев.

Мәлік Нұржанұлы азаматтарды, соның ішінде жастарды газет-журналды жиі оқуға кеңес берді. Оның айтуынша, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әр күнін газет-журналдарды оқумен бастайды екен. Сондай-ақ ол ел Президенті үнпарақ бетінде жарияланған мәселелер мен ой-пікірлерді ескерусіз қалдырмайтынын да айтты. Оған былай деп дәлел-дәйек келтірді. «Қазақ әдебиетінің классигі, жазушы, марқұм Әкім Таразидің республикалық «Айқын» қоғамдық-саяси газетінде көлемді сұхбаты жарық көрген болатын. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы марқұм жазушының мақалада қамтылған бірнеше ұсынысын түртіп алып, «Ақсақалдың осы ой-пікірі ескерілсін» деп бізге тапсырма берді. Газет-журнал оқу – ішкі мәдениетімізді дамытады», – деді ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Нұржанұлы.



# Президент кеңесшісі – өңірде

**ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев құқық қорғау және білім саласының мамандарымен бірқатар маңызды кездесу өткізді. Бұл іссапардың басты мақсаты – Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жүктеген тапсырмалардың өңірде орындалу барысын пысықтау.**

*Жанерке МЕРЕКЕҚЫЗЫ, «Орал өңірі»*

Мәди САЛЫҚ

Алдымен М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде облыстық құқық қорғау, күштік құрылым өкілдерімен кездесу өтті. Жиын барысында Президент кеңесшісі Ұлттық құрылтайдың қоғам үшін тарихи маңызына тоқталып, ондағы Мемлекет басшысының бағдарламалық баяндамасын «мемлекеттік маңызы бар құжат» деп бағалады.

– Ұлттық құрылтай – ел бірлігінің жарқын көрінісі. Ондағы мемлекет басшысының бағдарламалық баяндамасы – мемлекеттік маңызы бар құжат. Әлем қазір алмағайып кезеңде. Шекараның арғы бетінде қандай тартыстар, шайқастар болып жатқаны бәрімізге мәлім. Сол себепті ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету – бәрімізге ортақ міндет. Сондықтан Ұлттық құрылтайда жүктелген келелі тапсырмаларды жүзеге асыру жолында өзара үйлесімді іс-қимыл атқарған маңызды. Қай салада қызмет етсек те, ең бірінші бізді алға жетелейтін – ұлттық идеология, – деді ол.

Жиын барысында отбасылық-тұрмыстық саладағы құқықбұзушылықтардың алдын алу мәселесіне баса назар аударылды. Мәлік Отарбаев бұл бағыттағы шараларды атап өтіп, 2024 жылдың 1 шілдесінен бастап заңнамалық өзгерістерге сай отбасы тыныштығын бұзғандарға қатысты жауапкершілік күшейтілгенін жеткізді. Осы орайда еліміздің барлық өңірлерінде тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күреске арналған бөлімдер ашылып, Батыс Қазақстан облысында екі дағдарыс орталығы жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ биыл құқықбұзушылықтың алдын алу жылы болып белгіленген. Осыған байланысты тәртіп сақшыларына нақты міндеттер жүктеліп отыр. Жиында сөз алған БҚО ПД ардагерлер кеңесінің төрағасы Еділхан Жұмашев ғаламтор-алаяқтықтың алдын алудағы қиындықтарды атап өтті.

– Қазіргі таңда ғаламтор-алаяқтық белең алып тұр. Олар тұрғындармен бетпе-бет кездеспей, телефон, ғаламтор арқылы өз ойларын іске асырады. Алаяқтар түрлі қосымшаларды, әлеуметтік желілерді, жалған сайттар мен фишингтік сілтемелерді пайдаланып, азаматтардың жеке деректерін иеленіп, қаржысын жымқыруда. Сондықтан тұрғындар мұқият болып, күмәнді сілтемелерге өтпеуі, бейтаныс адамдарға жеке ақпаратын бермеуі керек. Біздің департамент қызметкерлері сол бағытта жұмыс істеуде, – деді ол.

Кездесуге қатысқан сала ардагерлері жастарға ақыл-кеңестерін айтып, әділетті Қазақстан құру жолында, ар-ождан алдында адал болуға үндеді. Сонымен қатар Мәлік Нұржанұлы білім саласы өкілдерімен кездесті. Жиын «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында жаңадан салынған №51 жалпы орта білім беретін мектепте өтті. Мәлік Отарбаев мектеп инфрақұрылымымен, оқу кабинеттерімен танысып, білім ордасының заманауи талаптарға сай екенін атап өтті.

Кездесу барысында өңірдегі білім беру жүйесінің даму бағыттары, педагог мәртебесі мен мектептер құрылысы мәселелері талқыланды. Кеңесші өз сөзінде ұстаздар қауымының рөліне ерекше тоқталды.

– Өңірге келгелі бірнеше сала мамандарымен, жастармен кездесулер өтті. Мағжан Жұмабаев айтқандай, «Алты Алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдікі». Бұл сөз – ұстазға деген құрметтің мәңгі белгісі. Өйткені мұғалім – ұлттың болашағын тәрбиелейтін, елдің рухани тұғырын қалыптастыратын тұлға. Сіздердің атқарып отырған жұмыстарыңыз – жас ұрпақтың жүрегіне ұлттық құндылық пен адамгершілік дәнін себу. Сондықтан бұл еңбек әрдайым жоғары бағалауға лайық, – деді Мәлік Отарбаев.

Облыстық білім басқармасының басшысы Елдос Сафуллин Мемлекет басшысының тапсырмалары негізінде атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Оның айтуынша, 2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап барлық білім беру ұйымдарында жаңартылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізілген. Бағдарлама аясында оқушылардың бойында ұлттық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған тұрақты іс-шаралар өткізіліп келеді. Сонымен қатар құқықбұзушылық пен буллингтің алдын алу мақсатында түрлі кездесулер, сынып сағаттары ұйымдастырылып, төрт мектепте KiVa бағдарламасы пилоттық режимде енгізілген.

– «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2023-2025 жылдары аралығында облыста жалпы 8100 оқушыға арналған 9 мектептің құрылысы жоспарланған. Қазіргі уақытта олардың үшеуі пайдалануға беріліп, қалған алтауының құрылысы биылғы тамыз және желтоқсан айларында аяқталады деп күтілуде. Мектептерде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі де назардан тыс қалмаған. Облыстағы барлық білім беру ұйымдары терроризмге қарсы арнайы құрылғылармен жабдықталып, мамыр айында 100 пайыз қауіпсіздік деңгейіне қол жеткізілген. Сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуы да басты назарда. Қазір облыста 6995 бала есепте тұрса, олардың 6450-і арнайы түзету және қолдау шараларымен қамтылған. 2022 жылы ашылған autism-орталық 124 балаға диагностика жасап, олардың 98-ін дамыту бағдарламаларына тартқан, – деді Елдос Нәбиоллаұлы.

2025 жылдың Жұмысшы мамандықтары жылы болып жариялануына байланысты өңірде кәсіптік-техникалық білім беру саласын дамыту бағытында нақты қадамдар жасалуда. Колледждердің материалдық-техникалық әлеуеті жаңартылып, жаңа кәсіптер енгізілуде. Жергілікті кәсіпорындармен тығыз серіктестік орнатылып, биылғы WorldSkills шемпионатының облыстық кезеңіне 400-ден астам студент қатысқан.

Кездесу соңында қалалық №34 мектеп-лицейдің орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі, «Қазақстанның Еңбек Ері» Эльмара Траисова және дарынды балаларға арналған С. Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының директоры Шынар Зұлқашева білім сапасын арттыру бағытында ой бөлісіп, ұсыныстарын ортаға салды.



## Қысқа-нұсқа

### ОРАЛ

Жеңістің 80 жылдығы мен 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай «Атамекен» балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығында «Елім деп соққан жүрек» атты әскери-патриоттық шара өтті. Қаланың 14 мектебінен жиналған 400 ер бала шеруде бірыңғай саппен жүрді. Іс-шара «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жас ұрпақты отансүйгіштікке баулу, әскери дағдыларды меңгерту және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды. Жиынға қалалық білім беру бөлімінің басшысы Әлия Қайыржанова мен «Жастар рухы» жастар қанаты облыстық филиалының төрағасы Архат Исмағали қатысып, ізгі тілектерін білдірді.

### БӨРЛІ

Ақсай қаласындағы «Алтын Сарай» мейрамханасында «ART masters» өнер орталығының этностильде өткен есеп беру көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде орталықтың 70-тен астам оқушы жұмысы қойылып, үздік қатысушылар «Үздіктер шерүінде» таныстырылды. 2019 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан орталықта бүгінде 200-ден астам бала оқиды, олардың 175-і «DamuBala» бағдарламасы арқылы тегін білім алуда. Шараға ауданның мәдениет, білім, шығармашылық саласындағы өкілдер мен ата-аналар қатысты. Кеш соңында балалар өз суреттерін қонақтарға сыйлап, орталық басшысы оларға арнайы сурет салу құралдарын табыстады.

### КАЗТАЛОВ

Аудан орталығындағы «Достық» саябағында қазақ күресінен «Казталов барысы» аудандық іріктеу кезеңі қорытындыланды. Ұлттық және бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткен жарысқа ауданға қарасты округтерден келген палуандар ортаға қатысты. 90 келіге дейінгі палуандар «Өгіз палуан» жүлдесіне, 90 келіден жоғары салмақтағылар «Түйе палуан» жүлдесі үшін күресті.

Додада аудан әкімінің орынбасары Серік Қайырлиев палуандарға сәттілік тіледі. Аудандық іріктеу кезеңінің нәтижесінде 90 келіден жоғары салмақта күрескен көктеректік Бекайдар Мендешов қарсыласының бәрін жығып, «Түйе палуан» атанса, 90 келіге дейінгі салмақта Бақытжан Аманкелді «Өгіз палуан» жүлдесіне қол жеткізді.

### СЫРЫМ

Сырымдық көпбалалы аналар Гүлжайнар Есенжолова, Айдана Құбиева, Гауһар Сұлтан және Гүлжазира Шарапиева ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Күміс алқаға» ие болды. Мемлекеттік награданы Сырым ауданы әкімінің міндетін уақытша атқарушы Қайрат Төлепов табыстады. Салтанатты қабылдау сәтінде аналар отбасылық институт, еңбек тәрбиесі туралы өз ойларын ортаға салды.

Сырым ауданындағы тыл еңбеккерлері Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған мерекелік медальдармен марапатталды. Мемлекет басшысының сәлемдемесін Сырым ауданының әкімі Жұмагелді Батырниязов арнайы барып, тапсырды. Жеңіс күні қарсаңында құрметке бөленген қарияларға Сырым аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі тыл еңбеккерлеріне Жеңіс мерекесіне орай 50 мың теңгеден сыйақы аударған.

**Әр ғимараттың өз тынысы болады. Ал егер ол жер бала тәрбиесі мен білімін, танымын кеңейтуге арналған орын болса, онда оның әр кірпіші де жылылық пен рухқа толы секілді көрінеді. Жақында Орал қаласындағы Исатай батыр көшесі, 71/1 мекенжайында орналасқан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығына арнайы барып, орталық мамандарымен әңгіме-дүкен құру мүмкіндігі туды.**




# 65 жылдық тәрбие жолы



Көктемнің лебі сезіліп, күн жылынып келе жатқан шақ. Орталықтың ауласына жақындай бере көзімізге бірден кіреберістегі қарбалас тіршілік ілікті. Қолдарына күрек, щетка ұстаған жұмысшылар аумақты жазғы маусымға дайындап, тазалық жұмыстарына кірісіп кетіпті. Қарап тұрып, бұл жердің тек білім ұясы емес, үлкен жанашырлық пен қамқорлықтың ортасы екенін бірден түсінесің. Ғимараттың ішіне аяқ басқан сәтте де ерекше әсерге бөлендік. Қабырғалары аппақ, айналасы мұнтаздай таза. Дәліз бойынан келе жатып жуғыш заттардың хош иісі тынысыңды ашып, көңіліңді сергітіп жібереді. Ал кіреберісте отырған күзетшінің жарқын жүзі мен ілтипатты сәлемі келген қонақты баурап алады. Ол кісі бағытымызды нақтылап берген соң, екінші қабатқа көтеріліп, орталықтың тіршілігімен етене танысуға жол басталды.

Екінші қабатқа көтерілген сәтте бізді өлкетану бөлімінің меңгерушісі Райгүл Әлмұханова күтіп алды. Ұзақ жыл бойы осы орталықта еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі маман алғашқы кездесуден-ақ бала тәрбиесіне деген шексіз сүйіспеншілігін аңғартты. Көп бөгелмей, Райгүл Сағынәлқызы бізді орталық мақтанышына айналған Балалар туризмі тарихы музейіне бастап барды. Музейдің табалдырығын аттаған сәтте бізді ерекше атмосфера баурап алды. Бұл жер балалық пен ерлік, саяхат пен ізденіс, ұстаз еңбегі мен шәкірт арманы тоғысқан рухани мекендей көрінді.

Экспозицияларды аралай жүріп, өлкетанушы әрбір сөренің астарында жатқан тарихты қызықты етіп баяндап берді. Алғашқы саяхатшылар мен қазақ даласын зерттеген шетел ғалымдарының еңбегі, қазақ зиялыларының ұлт үшін жасаған ғылыми саяхаттары, ХХ ғасырда балалар туризмімен айналысқан ұстаздар мен оқушылардың жорықтары – бәрі-бәрі бейне бір тірі шежіредей көз алдымызда тізбектеліп өтті. Мұражайда тұрған жәдігерлер өткеннің үнсіз куәгерлері сықылды. Мұнда әр бала, әр педагог, әр жорық өз ізін қалдырған. Мұның бәрі бірнеше буынның ізденісі мен еңбегінің жемісі екені сөзсіз.

– Біз келіп тұрған Балалар туризмі тарихы музейінің негізі 1995 жылы қаланды. Бұл бастаманың басында сол кездегі орталық директоры Виктор Фомин мен туризм ардагері Галина Словцова тұрды. Биыл музейдің ашылғанына 30 жыл толады, – деген Әлмұқанова үнін бір сәтке баяулатып, бізді музейдің ішкі тынысымен таныстыруға кірісті. – Бұл музей – 1960 жылдары жұмысын бастаған жас туристер стансасының педагогтері мен балалардың жылдар бойы жинаған ізденісі мен еңбегінің көрінісі. Әрбір бұйым, әр фото, әр карта – баланың таным жолындағы бір белесі. 2015 жылы музейге қайта жан бітті. Экспозициялар толық жаңарып, мазмұны заманауи сипатта қайта түзілді. Бірақ мазмұн өзгермеді, жүрекпен жиналған жәдігерлер, рухпен сақталған естеліктер сол күйінде. Мына бірінші витринаға назар аударыңыздар, бұл жерде сіздер өлкемізден шыққан алғашқы саяхатшылардың тарихымен таныса аласыздар. Олардың әрқайсысы – өз заманының батыл зерттеушісі, туған жер табиғатын алғаш таныған тұлғалар. Ал келесі сөреде Батыс Қазақстан облысы жас туристер стансасының құрылғаны туралы алғашқы бұйрықтың түпнұсқасы, сондай-ақ алғаш ұйымдастырылған жорықтардың суреттері қойылған. Бұл – біздің өлке туризмінің бастау алған сәттерінен сыр шертетін құнды құжаттар мен фотошежіре. Мына сөрелерден сіздер балалар туризмін дамытуда өшпестей із қалдырған ұстаздардың өмірбаяны мен еңбектерін көре аласыздар. Олар – талай буынды тәрбиелеп, табиғатқа деген сүйіспеншілікті бала жүрегіне ұялата білген шынайы жанашырлар. Келесі қабырғада 1980–1990 жылдардағы спорттық құрал-жабдықтар: коньки, балалар шаңғылары, ұйқы қаптары, санитарлық планшеттер мен хоккей таяқшалары сақталған. Бұл – сол жылдардағы жорықтардың, жаттығулардың тынысын сезіндіретін ерекше бұрыш. Ал мына экспозицияда республикалық деңгейдегі балалар туризмінің негізін қалаушылар туралы материалдар қойылған. Олардың еңбегі – бүгінгі ұрпаққа бағдар, ал бізге – үлкен мектеп. Орталықтың педагогтері мен тәрбиеленушілері жыл сайын түрлі экспедициялар мен жорықтар ұйымдастырып отырады. Сол сапарлар кезінде табылған барлық тарихи жәдігерлер, тастар, карталар мен сирек кездесетін бұйымдар дәл осы музейде сақталып отыр, – деген Райгүл Сағынәлқызы 1986 жылы орталықты басқарған Виктор Фоминге арналған сөренің қасында біраз кідірді.

Виктор Павлович Фомин – ұстаз, өлкетанушы, Қазақстанның білім беру ісінің үздігі, педагогика ғылымдарының кандидаты, Мәскеудегі Балалар-жасөспірімдер туризмі мен өлкетану халықаралық академиясының толық мүшесі, көптеген инновациялық жобалардың авторы. Бұл адамның балалар туризмі саласын дамытуға, оны жүйелі бағытқа түсіруге қосқан үлесі өлшеусіз екенін сөзсіз аңғардық. Орталықтың материалдық-техникалық әлеуетін нығайтуға тікелей мұрындық болған жан ретінде оның еңбегі уақыт ағымында ұмытылмақ емес.

Журналист ретінде назарымызды бірден аудартқан дүниенің бірі – орталық жанынан жарық көретін «Соқпақ-Тропинка» журналы болды. Бұл басылымның ерекшелігі мен тарихы туралы сұрағанда, өлкетанушы былай деп жауап берді:





Орталық директоры
Ғалым Бекқалиев



Директордың орынбасары
Айгүл Батырғалиқызы



Өлкетанушы
Райгүл Сағынәліқызы





***– Бұл журналдың алғашқы нұсқасы 1990 жылдары газет ретінде жарық көрсе, арнайы құжаттары 2003 жылы рәсімделіп, 2005 жылы алғашқы нөмірі жарық көрді. Міне, биыл журналдың ресми құрылғанына 20 жыл толмақ. Журнал балалар мен жасөспірімдер туризмі, өлкетану, экология салаларындағы әдістемелік мақалалар мен тәжірибелік материалдарды қамтиды. Әр тоқсан сайын жарық көретін басылымның бас редакторы – Құралай Қайырлиева. Ол туризмге қатысты нақты, қолданбалы материалдар дайындап, қосымша білім беру педагогтерінің кәсіби дамуына үлес қосып жүр. Бұған қоса 2008 жылы журнал Мәскеуде өткен халықаралық байқауда Балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану орталығының ең жоғары марапаты – «Золотой компаспен» марапатталған. Бұл сөреде алғашқы қолданылған компьютерлер, баспа машинкалары және сол жылдары пайдаланылған техникалар сақтаулы.***

Музейден шыға бергеніміз сол еді, бізді орталық директорының орынбасары Айгүл Мұқашева күтіп тұр екен. Ол бірден орталықтың басшысы Ғалым Беккалиевтің қабылдау бөлмесіне қарай бастап жүрді. Жолай жүріп, бұл ғимараттың қабырғасына сіңген тарих жайлы байыппен әңгімелеп берді.

– «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология облыстық орталығы» – біздің өңіріміздегі тарихи тамыры терең, мазмұны бай мекемелердің бірі. Бұл орталық 1960 жылы өз жұмысын бастаған. Содан бері бірнеше буын ұрпақтың тәрбиесіне, тұлғалық қалыптасуына, туған өлкесін тануына өлшеусіз үлес қосып келеді. Орталықтың негізгі қызметі – қосымша білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу, туристік-өлкетану, экологиялық, спорттық бағыттар бойынша түрлі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру. Сонымен қатар жазғы және басқа маусымдық демалыс кезінде балалардың бос уақытын тиімді өткізуге, демалуына, табиғатпен етене араласуына жан-жақты жағдай жасалады. Бүгінде орталықтың құрылымында бес бөлім, екі туристік база және «Соқпақ-Тропинка» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының редакциясы бар. Атап айтқанда туризм және маршруттар қауіпсіздігі, өлкетану және өңірлік ынтымақтастық, экологиялық туризм, спорттық бағдарлау және әскери-патриоттық тәрбие, спорт және дене шынықтыру бөлімдері жұмыс істейді. Ал «Еуразия» туристік кешені мен «Самал» туристік лагері балалар үшін әр маусымда жаңа әсер мен тәжірибе сыйлайтын ерекше демалыс алаңдарына айналды. Мұнда әр маусымда қызықты бағдарламалар, табиғат аясында жаттығулар мен үйірме сабақтары өткізіледі. Орталықтың кешенді жұмысы, бағыттары мен жетістіктері жайында әрі қарай толығырақ орталық директоры Ғалым Беккалиевтің өз аузынан тыңдайық, – деп жымиды Айгүл Батырғалиқызы.

Қабылдау бөлмесіне енгенімізде бізді орталық директоры Ғалым Ибатоллаұлы күтіп алды. Шынайы ықыласпен «Қош келдіңіздер!» деп ілтипат білдірген ол хал-жағдай сұрасқан соң, көп күттірмей әңгімесін өзі бастап кетті. Сөзінен бұл кісінің балалар тәрбиесі мен туризм саласының дамуына да ерекше жанашырлықпен қарайтыны бірден сезілді.

– Бүгінгі ұрпақ – ертеңгі ел тірегі. Сол тірек мықты болу үшін оған бала кезден дұрыс бағыт, орта қажет. Біздің орталық – дәл сондай бағыт көрсететін, баланың жан дүниесін ашатын орта. Мұнда оқушылар өз-өзін таниды, тұлға ретінде қалыптасады. 2024–2025 оқу жылында біз 800-ден астам баланы қосымша біліммен қамтып отырмыз. Ал облыс аудандарындағы туризм стансаларын есепке алсақ, олардың саны 12 мыңға жуықтайды. Бағыттарымыз жан-жақты, олар – өлкетану, экологиялық туризм, жаяу, су, жартаста өрмелеу сияқты спорттық туризм, футбол, волейбол, баскетбол, тоғызқұмалақ, асық ату сынды ұлттық ойындар, спорттық бағдарлау. Әр баланың қызығушылығына сай бағыт табылатыны сөзсіз. Жалпы Батыс Қазақстан облысында туризм бағыты өте жақсы жолға қойылған. Республика бойынша балалар туризмімен айналысатын 40-қа жуық мекеме болса, соның 14-і біздің өңірде орналасқан. Бұл – саны мен сапасы жоғары көрсеткіш. Республикалық деңгейде қарасақ, туризм бағыты бойынша нәтиженің пайыздық үлесі бойынша облысымыз көш басында. Яғни біздегі орталықтар мен педагогтердің жұмысы өз жемісін беріп отыр. Мысалы, біздің өңірдің балалары туризм саласындағы республикалық жарыстарда қатарынан 9 жыл бойы жүлделі орындарға ие болып келеді. Бұл – ұстаздың, ата-ананың, ұжымның еңбегі. Соның айқын дәлелін осы бөлмеде тұрған сөрелерден көре аласыздар, – деді орталық директоры.

Көзіміз мұқият ілініп, тізбектелген марапаттарға, дипломдарға, кубоктар мен медальдарға түсті. Шынымен де, мұндағы әр марапат – баланың өзіне деген сенімі мен жеңіске жетсем деген ұмтылысынан, ал ұстаздың соған бағыт беріп, шабыттандырып, демеу болғанынан туған еңбектің жемісі. Орталықтың бастамасымен жыл сайын облыс көлемінде 60-тан астам байқау мен жарыс өткізіледі екен. Бір жылда 4000-нан астам бала 300-ге жуық жорыққа шығады. Балаларды табиғатты тануға, ел тарихын білуге, спортты сүйіп, саламатты өмір салтын ұстануға, шығармашылықпен айналысуға баулитын бірқатар іс-шаралар мен жобалар жүзеге асады.

– Әр бөлімде білікті ұстаздар еңбек етіп жатыр. Айталық, Кәмшат Едрисқызының жетекшілігіндегі туризм және маршруттар қауіпсіздігі бөлімінде он екі үйірме жұмыс істейді. Олар жаяу, су, велосипед туризмінен бастап, өрмелеу техникасы мен «Жас құтқарушы» сияқты байқауларда балаларды жан-жақты тәрбиелейді. Бұл жердегі мақсат – жауапкершілік пен төзімділікке баулу. Райгүл Сағынәліқызы жетекшілік ететін өлкетану бөлімі – біздің мақтанышымыз. «Ақжайықтану», «Елтану» экспедициялары, «Менің Отаным – Қазақстан» слеті – баланың туған жерге деген сүйіспеншілігін оятатын бағыттар. Сол секілді Ниязбек Ғатауов пен Наталья Байсариеваның экологиялық бөлімі табиғатпен тілдесуді үйретеді. Ал Райлан Ерсайынұлы жетекшілік ететін әскери-патриоттық тәрбие бөлімі – рух пен тәртіптің мектебі десем, қателеспеспін. «Алау», «Айбын» секілді байқауларда балалар шыңдалады. Виталий Вячеславович басқарған спорт бөлімі де біз үшін маңызды бағыт. Спорт – ерік-жігерді тәрбиелейді. Светлана Петченконың көркемсурет үйірмесі балаларды сурет арқылы табиғатты тануға, жорыққа шығып, өз көзқарасын қағазға түсіруге үйретеді. Жалпы басшы ретінде мен әр қызметкерге ең алдымен қояр талабым – баланы сүю, оны шын жүректен қамқорлау, мейіріммен қарау. Балалар – біздің аманатымыз. Әр бала біздің орталыққа келгенде өз үйіне келгендей қауіпсіздік пен жылылықты сезінуі тиіс. Бұл – мен үшін басты қағида. Сол себепті біз мекемемізде балалар үшін барынша қолайлы жағдай жасауға күш салып келеміз. Ыстық тамақ пен тынығуға арналған жатын бөлмелер, қауіпсіз әрі заманауи спорттық және туристік құрал-жабдықтар, оқу мен демалысқа қажетті барлық инфрақұрылым – бәрі де бала өзін еркін әрі жайлы сезінуі үшін ойластырылған. Олар орталықтан нағыз қамқор ортаны, ұстаздың мейірімін көріп кетсе – біздің еңбегіміздің зая кетпегені, – деді Ғалым Ибатоллаұлы.

Биыл Оралдағы облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығы үшін мерейлі жыл. Тарих пен тағылымды, ізденіс пен еңбекті қатар ұштастырған ұжым бір емес, үш бірдей маңызды белесті атап өтпек. Алдымен, орталықтың негізі қаланғанына биыл – 65 жыл. Бұл – бірнеше буын ұрпақты тәрбиелеп, талай баланың өмір жолына бағыт сілтеген, маңдай термен жазылған абыройлы тарих. Сонымен қатар балалық ізденістің, рухани жаңғырудың айнасына айналған Балалар туризмі музейінің ашылғанына – 30 жыл. Ал жас туристердің шығармашылығын қолдап, ұстаздар мен оқушылар арасындағы рухани көпірге айналған «Соқпақ-Тропинка» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының жарыққа шыққанына 20 жыл толғалы отыр. Бұл жыл тек мереке ғана емес, өз жолынан жаңылмаған ұжым үшін жаңа белеске бетбұрыс болмақ.



**Аружан АМАНЖОЛ,**
**«Орал өңірі»**

***«Балаларға базарлық» айдары аясында сөзжұмбақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар жариялап отырмыз. Жас оқырман, ізденімпаз ұлан, өрелі өрен ой жүгіртіп, көңіл сергітіп, басқатырғыштардың шешу жолын іздейді деген сенімдеміз.***

# Жұмбақтар

***Сабау қамшы сарт етті,***
***Жер бауыры жарқ етті.***

(Жасын)

***Жамылып қыста ақ мамық,***
***Бұйығып біраз жатты алып.***
***Көрпесін сілкіп көктемде,***
***Кербез сал тұрмас баптанып.***

(Қара жер)

***Алақандай әйнектен алып әлем сығалайды.***

(Ұялы телефон)

***Таңғажайып бақша бар күнде думан,***
***Толып жүр дос, құрбы, туыс, туған.***
***Дүбір мол, дүние алуан, сұмдық та көп,***
***Шешен көп мұнда әркімнің белін буған.***

***Ғажаптар таусылмайды қызыл-жасыл,***
***Көз алдыңда көлбеңдеп небір ғасыр.***
***Бұл бақтың шет-шегі жоқ, араласаң,***
***Той-думан бітпей-тұғын ұлан-асыр!***

(Әлеуметтік желілер)

***Не сұрасаң, жауап берер бұл бір дана,***
***Өзі өнерпаз, өзі ақын тұрған дара,***
***Санаулы секундтарда жауап берер,***
***Жиып-теріп ғаламнан дерек жаңа.***

(Жасанды интеллект)

# Сөзжұмбақ



Бас әріптер бағанында сүйікті отандық телеарнаның атауы жасырылған

1. Заттың агрегаттық күйі
2. Тіршілік нәрі
3. Түрік ақшасы
4. Эпостағы образ
5. Бұйрық
6. Ереван
7. Қазақтың филолог-ғалымы, публицист

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | |
| 4 | | | | | | | |
| 5 | | | | | | | |
| 6 | | | | | | | |
| 7 | | | | | | | |

# Венгер сөзжұмбағы

**Кестеде орналасқан сөздер:**
*Қыр, ішік, тамаша, шу, Ақбілек, от, инелік, егін, кісі, ту, асық, бура*

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Б | А | Қ | Б | Е | К |
| У | Р | А | І | Л | И |
| Т | А | Қ | Ы | Р | Н |
| Ш | М | А | І | Л | Е |
| У | А | Ш | К | Е | Г |
| А | Қ | Ш | І | К | І |
| С | Ы | І | Т | І | Н |
| О | Т | К | У | С | І |



# Жаңылтпаштар

Қалам алам деп қалама бардым,
Қалама барғанмен, қалам алмадым.

* * *

Қара тауығым жұмыртқалағанымен,
Қара сиырым су ұрттаған жоқ,
Ақ тауығым жұмыртқаламағанымен,
Ақ құлыным дым ұйықтаған жоқ.

* * *

Кісі көргеннен кісінегені ме, кісінегені – кісі көргені ме?

* * *

Қабағынан қар жауған Қасымның қаһарланғанынан қаймықты.

* * *

Біліктіден білекті мықты ма, білектіден білікті ықты ма?

* * *

Нар жігіттер найзаласқанымен, нағыз ерлер тайталасқан жоқ.

* * *

Дүбірлі додада дүмі мықты да, діні мықты да жүр.

* * *

Көп баланың ішінде тоқ бала не істеп жүр,
Тоқ баланың төңірегінде көп бала не іздеп жүр?

***Бет материалдарын дайындаған Нұртай ТЕКЕБАЙ***

**15 мамыр – Халықаралық отбасы күні**





# Елуден астам шөбере-жиеншардың ата-әжесі атану да бір бақыт

Олардың балалық шағы соғыс жылдарымен тұспа-тұс келді. Бала жастан еңбекке араласып, аналарына қолғанат болды. Соғысқа кеткен әке бейнесін көріп үлгермеген олар ашқұрсақ болып, жоқтық көріп өссе де, жігері жасыған жоқ. Бүгіндері 20-ға жуық немере мен 50-ден астам шөбере-жиеншардың қызығына бөленіп отырған кейіпкерлеріміз Ізғали ата мен Күләш әже 1960 жылы отау құрады.

**«АППАҚ ҚЫЗДЫ ЖАҚСЫ КӨРІП ҚАЛДЫМ»**

Соғыстан кейінгі қиын жылдар... Ол кезде қазіргідей сән-салтанатпен құда түсу, той жасау деген жоқтың қасы еді. Той дегеннің өзі дастарқан ретінде жайылған шүберектің әр жеріне бір шөкімдей етіп шашылған бауырсақ, құрт, айран-көжемен өтетін. Бала кездерінде тек қолға түскен кезде жейтін тары-талқанның дәмін олар әлі ұмыта қоймаған. «Ас атасы – нан біздің жаққа 1955-56 жылдары тың игерушілермен бірге келді. Оның өзінде қазіргідей молшылық жоқ. Алғашында грамдап берген кездер болды ғой» дейді әңгіменің әлқиссасын әріден бастаған көнекөз қариялар.

– Негізі, біз – қазіргі Сырым ауданының Жосалы деген ауылынанбыз. Жоса деген сырдың бір түрі ғой. Жері құмдауыт, бор, ақбалшық мол. Суы бұлақтай. Сол суды қазір ауданға тартып отыр. Тұрған жеріміз – айнала шабындық. Табиғаты өте бай ауыл ғой. Әжелерің ол кезде аппақ, талдырмаш қыз болды. Анасы біздің ауылда сауыншы болып істеді. Бір көргеннен жақсы көріп қалдым. Ол кезде аналар қатал ғой. Шешесі бейсауыт жүргізбейді. Бірақ ебін тауып, далаға шыққанда танысып, екі-үш күн сөйлестік. Ауылдағы бір ақсақалды ертіп барып, құда түсіп, бір айдан соң ат-арбамен алып келдім. Сөйтіп, үй болып кеттік қой, – деп әңгімесін бастады Ізғали ата.

**«ЕНЕМНІҢ КӨҢІЛІНЕН ШЫҒУҒА ТЫРЫСТЫМ»**

Күләш әже Жанғалиевтер әулетіне келін болып түскенде он сегіз жаста еді. Бала кезден анасымен бірге қиын кезеңді бастан кешкен ол келін болып келгенде үй шаруасына бірден бейімделіп кете алмай, қиналғанын жасырмайды. Бірақ қалайда енесінің көңілінен шығуға тырысып, қолынан келгенін жасады.

– Қыз кезімде рақат көрген жоқпын. Жалаң аяқ, жалаңбас жүріп жетілдім. Сегізінші сынып бітіргеннен кейін киімім болмай, мектепте оқи алмадым. Содан шешеммен бірге сиыр саудым, бұзау-қой бақтым, балшық майладым. Ол кезде ауылды соғыстан мүгедек боп оралған майдангерлер басқаратын. Азаматымыз жоқ болғасын ба сына ма, шешем екеумізге күн бермей, анда-мында жұмсай беретін. Елсіз далада қой баққан кездеріміз де болды. Сонда шешем жарықтық, жіптің бір ұшын маған ұстатып, айырылып қалма деп, өзі қой қайыруға кететін. Дала қараңғы мені жоғалтып алмайын дегені ғой. Бір бөлмелі үйде үш отбасы тұрған кездеріміз болды. Андасанда қолымызға ет түседі. Үш отбасы бір қазанға тамақ пісіреміз. Анам омыртқа сүйегін, әлгі екі жанұя қабырға-жілігін жіпке байлап, қазанға салып, піскен соң әркім өз үлесін бөліп алатын. Ол кезде ұн жоқ. Құр еттің өзін жеген күндеріміз де біз үшін той еді. Келін болып түскеннен кейін енеммен отыз жыл бірге тұрдым. Ол кездегі енелер қатал еді ғой. Таңмен тұрып, тары қайнат десе, тары қайнатамыз, ұйықтама десе, ұйықтамай, шаруа жасаймыз. Сонда сол кездегі мен қатарлы келіншектердің бәрі де енелеріне қарсы шықпайтын. Тіпті тары қайнатайын, кемпірге жағайын деп жүріп, таң атқанын байқамай қалған кездер де болған, – деп сол шақтарды күліп еске алды Күләш әже.

Қатал ененің қабағынан қаймыққан Күләш әже аз уақыттың ішінде үй шаруасын дөңгелетіп әкетеді. Ауылдағы ең таза келіншек атанып, ауылға келген қонақтар да берекелі дастарқаннан дәм татуға асығатын жағдайға жетеді. Үйдің ішін қолдан кесте көмкеріп, әсемдеп, киіз басуды да бірден үйреніп алады. Ауылдың әйелдерімен бірге өндетіп жүріп, түске дейін бір киіз, түстен кейін бір киіз басқан күндері де әлі бүгінгідей есінде. Ауылға түскен қонақтар «Сары бала мен сары келіннің шайы жақсы» деп арнайы келгенде, төбелері көкке жетіп, бір марқайып қалушы еді. Сөйтіп жүріп, үш ұл, үш қыздың ата-анасы атанады. Отағасы Ізғали ата да шаруасына тындырымды, балаларына жайлы әке бола білді.

**«АЙРАН КЕЛЕ ЖАТЫР...»**

– Бала кезден еңбекке араласып, шыңдалып өстік қой. Шөп шабамыз. Сонда бізге таңертең-кешке бір кесе тары мен қара көже береді. Өгізші ағай бізге арбамен айран тасиды. Ол дөңгелегі шиқылдап, ауылдан шыққаннан-ақ белгілі. Біз «Айран келе жатыр» деп қуанамыз. Ағаш бөшкеге құйылған айранның бетін қойдың терісімен жабады. Айранның түбі құрттап жатады. Бірақ ашпыз ғой. Құртты қағып тастап, айранды сіміріп аламыз. 1944-45 жылдары бидайдың, тарының келдегін теріп, еңбек еттік. Соғыс жылдарында үкімет анама биялай, ұйық тоқы деп жүн береді. Мен де тоқуды үйреніп, анаммен бірге 80 жұп ұйық, биялай тоқығаным есімде. Сол кезде бес пар ұйық тоқығанға сегіз қадақ тары беретін, – деп бала кезін еске алған Ізғали ата сол қиындықтың бәрінен өтіп, шөберенің қолынан су ішіп отырған күндеріне шүкіршілік айтты.

Көнекөз қариялардың кеудесі – толған тарих. Әңгімелері де әсерлі. Күләш әжейдің жұбайына еркелеп, қалжыңдай сөйлегені де жарасады. Ізғали ата кемпірінің сөзін қостап, аялай қарап қояды. Осы сәтте жұптары жарасып, бүгінгі күнге жеткен жұбайлардан «Ыдыс-аяқ сылдырлағанда кім бірінші кешірім сұрайды? Қазір бір-бірінің сөзін көтере алмай, ажырасу көбейді. Бұған не дейсіздер?» деп сұрадым. «Арасында ренжісіп қалатын сәттер болады. Ондайда мен бірінші барып, апаңның бетінен сүйіп аламын. Сол кезде ол да жадырап сала береді» деп рақаттанып күліп алды Ізғали ата.

– Біздің кезімізде ажырасу болған жоқ. Осы күнгі жастар қызғаншақ. Түсінігі тайыз. Аллаға шүкір, ұл-қыздарым мен немерелерімде ажырасу болған емес. Болмасын деп тілеймін. Бала әке мен шешенің қасында өсу керек. Балаларым арақ-темекіге үйір болған жоқ. Бәрі де қоңыр тірлік кешіп, адал еңбек етіп, дұрыс жолда келеді. Соған қуанамыз, – дейді Күләш ана. Осы тұста отанасы ауылдарында тұрған Ықсан деген қартты жиі еске алатынын айтып қалды. Ол кісі ауылдың жас келіндерін жинап алып, «Сендер, Құдай берген баланы туа беріңдер, туа беріңдер. Бір балаң батыр болар, бір балаң батыл болар, біреуі сені бағам дер, біреуі бақпаймын, кетем дер, түбінде неше бала болса да, біреуі бай болып, саған қарасады. Балаларыңды ешкімге бермей, өздерің бағыңдар» деп ақыл айтады екен. Қарияның сол сөзін бүгіндері ұрпағының қызығына кенеліп отырған кейуана әулие сөзіндей қабылдап, өзі де келіндеріне құлаққағыс етіп айтып отырады.

**ӘЖЕ ТІЛЕГІ**

Бүгіндері немере-шөберелеріне ұлттық құндылықтарымыз бен дәстүрімізді көрсетіп, әулеттің бәйтерегіне айналып отырған қариялардың бар тілегі – ұрпағының қамы. Олар немерелерінің бірі ұзақ уақыт келмесе, «Бізге ренжіп қалды ма екен?» деп алаңдап, өздері хабарласып, шақырып алады. Көңілдері даладай кең, ақпейіл қариялар ұрпағымыз өздері көрген қиындықты көрмесе екен деп тілейді. Отанасы Күләш Құдайдан күн сайын тілек тілеп, мінәжат етеді. Сол кезде «Иә Алла, ұрпағыма біздің қиындығымызды көрсетпе! Елде соғыс болмасын! Аллаға мың шүкір! Бүгінгі күніме ризамын! Ұрпағым дәл бүгінгідей шалқып, көңілдері тоқ, жүрегі тыныш болып, өмір сүрсін! Ешбір бала әке-шешесінен айрылып, жетім қалмасын» деп Құдаймен сөйлесіп, ақ тілегін ақтарады. Ал Ізғали ата бірнеше жылдан бері күнделік жазады. Әр күнді белгілеп, сол күні не істегенін моншақтай тізіп, күнделігіне жазып қояды екен.

**ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРИЯСЫ БАР ҚАРА ШАҢЫРАҚ**

Өмірден көрген-түйгені мол қариялар – ұрпағына үлгі. Кейіпкерлеріміздің тұңғыш немересі Эльвира Асқарқызының жасы 37-де. Сегіз айлығынан бері ата-әженің қызы болып өскен ол әке-шешесін мойындай қоймаған. Ол қиын кезде бас құрап, бүгіндері қара орманға айналып, өнегелі ғұмырдың иесі атанып, адал еңбектің бәріне үлгі болып отырған ата-әжесін мақтан етеді. Өз ісіне адал болу, қандай іске де зор жауапкершілікпен қарау, айналаңа шуақ сыйлау дегеннің бәрін ата-әжесінен үйренген. Үш баланың анасы, бір шаңырақтың шамшырағына айналған Эльвира ата-әжесінің орталарында аман жүргенін тілейді.

Бүгіндері қариялар Орал қаласындағы немересі Ахан Жанғалиевтің қолында тұрады. Біз барғанда дастарқан жайып, шай әзірлеп, жүгіріп жүрген немере келіні Нұргүл де биязы, иманжүзді жан екен. Ата-әжесінің қас-қабағына қарап, бабын тауып отырғаны сырт көзге бірден байқалады. Үйде асыр салып жүгіріп жүрген төрт шөбере – ата мен әженің көз қуанышы. Қара шаңырақта он бір жылдан бері келіндік міндетін мінсіз атқарып жүрген Нұргүлді ата-әже де мақтап отыр. «Жас болса да, тек біздің ғана емес, бізге келген қонақтардың бабын тауып отырған келінімізге ризамыз» дейді олар. Ауладағы үлкен сәкіні (нар) Ізғали ата өз қолымен жасаған. Жасы 90-ға жақындаған қария әлі күнге тынбай еңбек етеді. Жайқалған ағаштар мен бау-бақшаны да ата өсіреді екен. Өздерінің ұл-қызына қоса, немерелерінің бәрін дерлік, қамқорлап, өсіріп, шөберелерінің қолынан су ішіп отырған бақытты қарияларға ұзақ ғұмыр, мықты саулық тіледік!

**Гүлжамал КЕНЖЕҒАЛИЕВА,**
**«Орал өңірі»**



# Абдолла ізімен:

## Былқылдықтан Новинкиге дейін

### (жол күнделігі)




**Сырым ауданынан тарихшылар мен журналистерден құралған экспедиция Ресей Федерациясының Мәскеу қаласына аттанған болатын.**

**Ақын, панфиловшы Абдолла Жұмағалиев 1941 жылы 26 қазанда Мәскеу түбіндегі шайқастардың бірінде жау бөлімшесімен бетпе-бет атыс жүргізіп, ерлікпен қаза тапты. Дегенмен, қай деревня үшін шайқас еді ақынның ақырғы шайқасы? Ресей архивтерінде жауынгер Жұмағалиев туралы не дерек бар? Міне, осы сұрақтарға жауап іздеп аттанды жоқшылар. Сырым ауданы әкімдігінің жобасына «Жайық Пресс» медиахолдингі ақпараттық қолдау көрсетті.**

**Экспедиция құрамында С. Датұлы атындағы тарихи-өлкетану музейінің директоры Айнагүл Ойшыбаева, өлкетанушы Нұржан Төлепов, «Жайық Пресс» медиахолдингінің операторы Азамат Ұзақов және «Сырым елі» газетінің директор-редакторы болды. Көлік тізгінінде – жымпитылық Манарбек Жайсұлтанов. Назарларыңызға Мәскеу сапарында жазылған күнделігімізден үзінділер ұсынамыз.**

**БІРІНШІ КҮН. 28 сәуір**

07:45-те біздің керуен Орал қаласынан қозғалды. Астымызда – «Toyota Camry»-дің 75-моделі. Тізгінде Манарбек Жайсұлтанов. Манарбектің Мәскеуге барудан да басқа шаруасы бар. Жымпитыда тұңғыш рет жеке балабақша ашқан оған қазір 70 бала мен 14 қызметкер қарап отыр. Бірақ ұрпақ қарызы іспеттес қасиетті сапарға қосылуды, қолынан келгенше көмек етуді жөн санаған жайсаң азамат астындағы аппақ арғымағын алыс жолға салды.

Валюта айырбастап, sim-карта сатып алып жүргенде сағат 08:00-ге таяды. «Сырым» шекара бекетінен өттік. Сағат 08: 41-де орыс қақпасының алдына келіп тұрдық.

Құжаттар толтырып, тексеруден өткенше сағат 8:59 болды. Бізбен қатарласа Ресей шекарасына тәжік, өзбек көліктері кіріп бара жатты.

Сәуірдің 27-сінен 28-іне қараған түні ауа суытты. Сынап бағанасы көзімізше төмендеді. + 20-дан + 2-ге дейін. Жолай бұршақ жауды, артынша қар борады.

Қырдан қылтиған гүлді ызғырық жел солқылдатқаны көңілге ауыр көрініс екен. Өзіміз «құм көрпені ертерек оранған» жас ғұмырдың ізін іздеп бара жатыр едік. Жасыл сабағын жаудың оғы қиған жан тек Абдолла емес. Талай үлбіреген баламұртты топырақ жапқаны рас. Виктор Цой шырқаған ән жадында жаңғырады: «Война – лекарства против морщин».

11:09 – Ставрополь ауданы артымызда қалды.

Жолай экспедиция жетекшісі Айнагүл Ойшыбаеваға қоңырау келді. Біздің делегацияны Волоколам қалалық округінің мэрі Козлова Наталья Юриевна қабылдауы керек еді. Үйлеспейтін болыпты. Мэр ханым елшіліктің қағазы келмей, қабылдай алмайтынын айтыпты, кестесі де тығыз екен.

11:42 – Еділді белінен басып өттік.

14:00 – Уляновск

13:20. Татарстан аумағындамыз. Көлік қанша жайлы болса да, адам отыра беруден шаршайды. Бел жазып алмағымыз бар әрі жеңіл шайлансақ деп, татар бауырлардың «Достық» кафесіне тоқтадық. Маңында мұнтаздай намазханасы да бар екен.

Кафенің төрінде теледидар ілулі. Оралдан шыққалы 1152 шақырым жүрдік, Мәскеу уақытымен 21:30. «Экто» жанармай бекетіне аялдадық. Көлікке «ас бердік». Өзіміз тамақтандық.

23:40. Мәскеудеміз. «Восточная» қонақүйіне тоқтадық.

**ЕКІНШІ КҮН. 30 сәуір**

Таңмен ояна сала «атқа қондық». Бізді Қызыл Алаң күтіп тұрды. Айбын мен даңқтың белгісіндей – қызыл мұнаралы Кремль.

Қызыл Алаң.

1945 жыл. 24 маусым күні дәл осы жерде тұңғыш рет жеңіс парады өтті. Иосиф Сталин Кеңес одағының Германияны жеңу оқиғасын осындай салтанатты шарамен айшықтады.

Екінші дүниежүзілік соғысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық адам алынды. Олар жаумен арпалыста жанқиярлық қылды, ерлік етті. Қанша мыңының шинелі кебінге айналды.

Майданға әр шаңырақ асылын, азаматын аттандырды.

Қазақтың әр үйінің бір батыры, әр ауылдың өз Бауыржаны, өз Мәншүгі бар. Біз – сол батырлардың ұрпағы едік. Көлігімізді ақылы тұраққа тоғытып, Кремль мұнарасының түбіне жеткенімізде куранттар 9:30-ды соғып жатты. Түсірілім жұмыстарын жасадық.

13:16 Кутузов даңғылымен Волоколам жаққа шықтық. Бізді салтанатты арка (Триумфальная арка) шығарып салды.

Жорықтағы жеңістерінің құрметіне Салтанат қақпаларын салу - римдіктерден келген дәстүр. Ресей 1812 жылғы І Отан соғысындағы жеңісінің құрметіне 1829 жылы алғашқы арканы соққан. Деректерге сүйенсек, 1812 жылы тұрғызылған триумф аркасы кейін қалыпқа келтірілген. Жаңа орны ретінде Кутузов даңғылы, Бородино шайқасының панорама-музейі маңы таңдалды. Бір беті қалаға, бір беті Можайск шоссесіне қарап тұр.

Мәскеуден 27 шақырым жердегі Одинцово ауданына аялдадық. Бізді түбі тасқұдықтық, бүгінде Ресейдегі ғылыми орта мойындаған ғылыми қызметкер Құдайбергенова Жанна (Жаңыл) Өзипқызы қарсы алды. Жанна ханымның пәтеріне жүк түсірдік. Бөгелмей Волоколамскіге қарай жолға шықтық. Бізді әскери археолог Сергей Бобинов күтіп отырған еді. Сергейдің кім екенін сәлден кейін білесіздер...

Манарбек тізгіндеген ақ «Camry» кілемдей жайылған кең жолмен самғап келеді. Қос қанатта қалың орман, қарағайлы алқап. Тіп-тік болып шаншылған қарағайлар Отаны үшін сапқа тұрған сарбаздарды еске салады. «Волоколамскіден таңғы ас ішіп, Истрадан түстенеміз. Кешкі ас дастарқаны Мәскеуде жайылады» деген неміс арманы Можайк шоссесінен асып өте алмады. Себебі Волоколамск бойында «тірі қамал» сарбаздар – панфиловшылар тұр еді.

Жанна Өзипқызының айтуынша, жасыл орманды отап, орнына үй салғысы келетін олигархтар бар екен. Обал... «Шаховская – Ресей Швейцариясы» деген сөзді естідік. Айнала деревнялар. Үйлердің арасынан шіркеулер мойнын созып қарайды.

Дубосекованың үстінен өттік. Дубосекова разъезі есіңізге бірдеңені сала ма?

* * *

Волоколамскіге кірдік. Соборноя көшесі №6 мекенжайында тұрған қос қабатты ғимарат – «Волоколам кітапхана орталығы» муниципалды бюджеттік мекемесі. Қақпаның алдынан бізді екі шетін ұштап тұрып мұрт қойған, бойы ортадан жоғары, мығым денелі кеңқолтық азамат күтіп алды. Иә, шашына аздап ақ қонып, сол қырау мұртын да шалыпты. Келбетінің арғы жағынан қайратты, қуатты, асау жігіттің реңі байқалады.

«Түбі казак!» – деді ойындағысын жасырмай жарқ еткізетін Жанна әпкеміз.

Біздің оны, оның бізді алғаш рет көруіміз. Бірақ Нұржан ағалар туған бауырын көргендей қуанып, құшағына басып амандасты. Ол да жылышыраймен сәлемдесті. Күні бойы күткені – біз едік.

Бұл кісі – өмірінің 41 жылын майдан орындарын зерттеуге арнаған әскери археолог Сергей Николаевич Бобинов. Ол РФ Қорғаныс министрлігі Ресейдің авиациясына, флотына, армиясына ерікті әріптестік жасау қоғамы «Панфиловец» әскери-патриоттық клубының жетекшісі екен. Клуб Мәскеу облысы төңірегінде соғыс орындарын қазу, зерттеу, көмусіз қалған сарбаздардың мүрделерін арулап, жауынгерге лайық мәртебе – құрметпен жерлеумен айналысады екен. Абдолла Жұмағалиевтің өртеніп өлген орнын тапқан – осы Сергей. Сергейдің Абдолламен танысуының өзі – бір хикая.

Экспедициямыздың мүшесі, батысқазақстандық өлкетанушы Нұржан Төлеповтің Абдолланың ерлігінің құнын сұрап жүргеніне біраз жыл. «Мәскеуді қорғауда ерлікпен қаза тапқан Абдолла Жұмағалиев Халық Қаһарманы атағына лайық!» деп ресми құрылымдарға хат жазып, баспа беттерін шулатын жүрген Төлепов мырза өзіне мүддес адамдар іздейді. Табылады да. Тарихшы, Панфилов дивизиясы туралы бірқатар зерттеулердің ауторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры Лейла Ахметова Нұржан мырзаға ойын құптайтынын айтып, волоколамдық іздеуші Сергей Бобиновтың нөмірін берді.


ПРОЛЕТАРИИ ВСЕХ СТРАН, СОЕДИНЯЙТЕСЬ!

Сталинский путь

Орган Сталинского РК ВКП(б) и Райсовета депутатов трудящихся

ЯНВАРЬ 4 ПОНЕДЕЛЬНИК 1943 года № 2 (503) Цена 10 коп.

С каждым днем крепнут удары Красной Армии по врагу, растут его потери в живой силе и технике.

Усилением нашей помощи фронту приблизим час полного разгрома гитлеровских банд!

Итоги 6-недельного наступления наших войск на подступах Сталинграда

I.

ПЕРВЫЙ ЭТАП—НАСТУПЛЕНИЕ НАШИХ ВОЙСК СЕВЕРО-ЗАПАДНЕЕ И ЮГО-ЗАПАДНЕЕ СТАЛИНГРАДА

II.

ВТОРОЙ ЭТАП—НАСТУПЛЕНИЕ НАШИХ ВОЙСК В РАЙОНЕ СРЕДНЕГО ДОНА

III

ТРЕТИЙ ЭТАП—НАСТУПЛЕНИЕ НАШИХ ВОЙСК ЮЖНЕЕ СТАЛИНГРАДА

(Продолжение см. на 2 странице)





**Сергейге сөз берелік:**

***– Мәскеу айналасы, мынау қырат, мынау орманның іші мүлгіп тұр деп ойламаңыз. Тыңдаған адамға жауынгерлер рухы жаңғырып тұр! Абдолла Жұмағалиев – біз тапқан Панфилов дивизиясының бірінші сарбазы емес. Бірақ Волоколамскідегі деревнялардың бірін қорғауда ақын қаза тапты дегенде елең еттім. Оған майданға бармауға да болатын еді. Себебі жазу адамының қоғамда қастерлі қызметі, қадірі бар ғой. Майданға сұранып кетіпті. Әрі ерлікпен қаза тауыпты. Былай қарасаң, деревня оныкі емес. Бірақ алалаған жоқ, бөлген жоқ. Мәскеудің маңындағы сүйем жерді өз мекеніндей қорғады, туған жеріндей биікке көтерді. Антқа адалдық деген осы! Демек, біздің – әскери археологтардың, жауынгерлерді ұлтына, дініне қарай бөлуге қақымыз жоқ. 1990 жылдардан бастап, қайта жерлеу рәсіміне мұсылман молла, хазіреттерін дәстүрлі түрде шақыра бастадық. Жұмағалиев – батыр. Басқа қалай айтуға болатынын білмедім! – деді ол.***

Сергей Николаевичтің толық сұхбатын кейін жариялаймыз. Бобинов мырзаның қолындағы ақпараттар «Волоколамская неделя» газетінің журналисі Дарья Новикованы қызықтырады. Газеттің 2020 жылғы 14 мамырдағы №14 (830) санына «Казахи просять за панфиловца» деген материал басылды. Бобинов бұл кезде «Панфиловец» клубының әр жылдардағы қазба жұмыстарының картасын, деректерін ақтара отырып, өртенген үйдің орнын шамалап үлгерген еді. Міне, осылайша Абдолланы іздеу тарихи ауыр міндеттің бір бұрышын Сергей көтеріп кете берді.

* * *

Нұржан мырзаның ізденісі болса жалғасып жатты. 2021 жылы оны Волоколомскіге Еуразия халықтарының IX сессиясына шақырды. Сессияға Мәскеуді қорғаушы 28 панфиловшының ұрпақтары келді. Сол сапарда Абдолла жайлы баяндама жасады. Сол сапарда Панфиловтың немересі Айгүл Байқадамовамен танысты. Батырлардың балалары бас қосқан әлеуметтік желідегі чаттарына қосылды.

Ердің есімін елдің есіне тағы бір салалық деп 2024 жылы «Егемен Қазақстан» газетіне «Оның аты еді Абдолла...» атты мақала жарияланды. Қасым Аманжолов пен Абдолла Жұмағалиев бір кездері Оралдағы «Екпінді құрылыс» газетінде еңбек еткен-ді. «Екпінді құрылыстың» бүгінгі ізбасары «Орал өңірі» газеті де Абдолла туралы мақаланы өзіне басты.

Экспедиция мүшесі ретінде Нұржан Төлепов 27 сәуір күні Жымпитыға келді. Сол күні кеште «Священный долг без срока давности» атты мақала жазып шығыпты.

* * *

Новинки селосы Волоколамскіден солтүстік батыс бетінде 22 шақырым қашықтықта екен. Лама өзені аяғымыздың астында қалды. Жолай Сергей Николаевич төңіректі таныстыра отырды.

– Мынау не тоғай?!

– Тимокеев тоғайы. Бұл жерден қанша сарбазды «көтердік». 4-5 жыл сайын зор олжаға жолығамыз. Мылтықтар, сейфтер, сүйектер. Біздің клуб 25 мың мүрдені тауып, қайта жерледі. Одан кейін санауды қойдым, – деді Сергей.

* * *

Ильнское деген жерден оңға бұрылдық. Көне шіркеу бар екен. «Церковь Ильи пророка» деп тұр. Ауыл атауы да Ілияс пайғамбардың атынан шыққан болды ғой деп топшыладық. Ұзамай Новинки деген жазу көрінді. Солға қарай кеттік. Новинки дегенің жардың басында орналасқан ауыл екен. Екі көшеден тұрады. Ескі үйлер де, жаңартылған қос қабатты саяжайлар да бар. Етекте жыландай иреleңдеп жылға жүріп жатыр. Түсіп, жағалап көрдік. Мүлгіген тыныштық. Су тұнық. Екі жерде жаяу өткел бар.

***– Мына жерде үлкен, қос қабатты ағаш астық қоймасы тұрған. Шатыры бар, бір қарағанда үйге ұқсайды. Немістер етектен келген. Лейтенант Григорьевтің ротасы атыса шегініп, қабаққа көтерілген. Абдолла Жұмағалиев қасындағы жолдастарымен жауды бөгеу үшін қамбаға бекінеді. Рота әрі қарай қауіпсіз орынға қарай жылжыды. Әрі қарайғы сценарийді білесіздер. Қоймаға от тиді. Төбесі қамыс, қабырғасы бөрене құрылыс ұзақ жанды, лапылдап жанды. Мына қызық дерекке қараңыз. Ақын Абдолла Жұмағалиев пулеметші боламын деп армандаған. Арманы өмірінің ақырғы сәтінде орындалыпты. Мылтықтың оғы таусылып, екінші қабатта құрулы тұрған пулеметтің тізгініне жармасты. Олай да бұлай оқ боратқан, – деп қосты Бобинов.***

1941 жылдың 26 қазанында болған ерлік сағаты, азалы сәт туралы Әбу Сәрсенбаев «Ақын жүрегінің алауы» шығармасында көркем баяндады. Ал Дмитрий Снегин «На дальних подступах...» кітабында селоның атын Новинки деп көрсетеді әрі ақын досының ажалмен кездесуіне куәгерлік етеді. Рота командирі В. Григорьев 1943 жылы шыққан «Писатель – герой!» мақаласы оқиғаның шынайы келбеті еді.

Әскери археолог бұл жерге 1980 жылдары келген. Новинки ауылының көнекөздерімен сөйлескен. Селоның ескі жады немістердің шабуылы болғанын, Қызыл армияның әскерлері ауыл шетіндегі ағаш үйге бекінгенін, сол жерде мүрде жатқанын айтыпты. Тіпті сол орынды қазып көрген. Күрегіне күл мен күйе ілігіпті. Қазір өртенген қамбаның орнында екі қабатты үй тұр. Үйдің қарсы бетінде әдемі ағаш үй бар. Ауласында жидегүл гүлдеп тұр. Үйлердің көше атауын, санын анықтай алмадық. Тек қарсы үйлердің бірінде 22 деген нөмір тұр.

***– Дәл осы жер деп сенімді сөйлеуімнің себебі – неміс шабуылынан Новинки ауылында үш үй ғана зардап шеккен. Біреуі өртенген. Бұл селоға 1998 жылы да келдім. Бақшадан бір жауынгердің денесі шықты, – деді Сергей Николаевич.***

Сергей Бобинов айтқан қамбаға бекінген жігіттер - Абдолла Жұмағалиев, Иван Дунай және Әбіл Құндыбаевтұғын.

Абдолла Жұмағалиев туралы тағы бір кітаптағы тілдей деректе оның туған өңірі «Джамбулская обл.» деп, ал өлген мезеті жайлы «1941 жылы 26 қазанда Щекино селосында» деп көрсеткен. Ұлы Отан соғысындағы архив деректерінде Жымпиты атауы орысша «Джымпитинский», «Джамбейтинский», кейде «Джампата» деп те келе береді. Батырдың туған жері неге «Джамбул» болып кеткені түсінікті шығар. Ол Щекино – Новинкидан сәл бері, 12 шақырымда жатқан ауыл. Нұржан Төлепов Григорьевтің ротасы Щекино селосына жетіп бекінген деп топшылайды. Айтпағымыз, Щекиноны да көріп кеттік.

Иә, Абдолла қаруынан соңғы оқ атылғанша, кеудесінен соңғы дем шыққанша айқасты. Тектілік пен адалдық бір жүректе қабысса, осылай болады. Ақын өртенген жерге тізе бүгіп, рухына Фатиха жолдадық, Мүлк сүресінен аят оқыдық.

***(Жалғасы бар)***



**Бауыржан ШІРМЕДИНҰЛЫ, журналист,**
**Жымпиты – Мәскеу – Волоколамск – Жымпиты**

# От кешкен оғлан



Зейіт Рыспеков 1916 жылы 11 қараша күні Жамбыл облысы Жамбыл ауданының Бесағаш ауылында дүниеге келген. Зейіт балалық шақ, бал жылдардың қызығын көрмей өсті. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының басындағы ашаршылық Рыспеков әулетін айналып өтпеді. Зейіт ата-анасынан ерте айырылды. Інісі Момбек екеуі біріне-бірі көз бола жүріп, балалар үйінде тәрбиеленді. Еселі еңбекпен нан табуды ойлаған Зейіт бозбала шағында шоферлік курсты аяқтап, техникаға деген қызығушылығының арқасында автокөлік жүргізуші болып еңбек жолын бастайды. Жұмысқа жастайынан араласу үшін, яғни алдына қойған мақсатын жүзеге асыру жолында ол бір жылға жасын ұзартып жазады. Негізі Зейіт атамыз 1917 жылы жарық дүниеге келген екен. Зейіт Рыспеков 1940 жылы 15 қаңтар күні Жамбыл аудандық әскери комиссариатынан әскерге шақырылған. Отан алдындағы борышын Закавказье әскери округында атты әскер құрамында бастайды. Бұл әскери құрама негізі Қырғыз елінде жасақталған болатын. 1941 жылдың жазында әскери борышын тәмамдап, елге ораламын деп жүрген жауынгер неміс-фашист басқыншылары бастаған Ұлы Отан соғысының отына шарпылады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Зейіт Рыспеков 1942 жылы 26 қыркүйектен 1943 жылғы 10 сәуір аралығында Калининград майданы, 1943 жылғы 10 сәуірден 1943 жылғы 20 маусым аралығында Батыс майданы, 1943 жылғы 15 маусымнан 1 қарашаға дейін Оңтүстік-Батыс майданы, 1943 жылғы 1 қарашадан III Украин майданы құрамында және 1944 жылғы 21 ақпаннан Батыс Украин майданында қар жамылып, мұз жастанып жүріп, басынан бақайшағына дейін қаруланған зұлым жауға 120 мм миномет батареясының командирі бола жүріп, тойтарыс береді. Ол бұл әскери мамандықты соғыс басталар алдында арнайы дайындық мектебінен өтіп, игерген еді. Сардар Зейіт Рыспеков сұрапыл соғысты Праганы азат етумен аяқтады. Қан майдандағы қаһармандығы үшін қол бастаған командир, гвардия лейтенанты Зейіт Рыспеков екі мәрте Қызыл жұлдыз, II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «Будапештті алғаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды.

Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің орталық архивінде сақтаулы (Қор: 33, тізбе: 690306, сақтау бірлігі: 724, парақ: 26). 1944 жылы 31 қазан күні 1290-атқыштар полк командирі, майор Пивиков 120 мм миномет батареясының взвод командирі, гвардия лейтенанты Зейіт Рыспековті шайқас алаңындағы ерлігі үшін Қызыл жұлдыз орденіне ұсынып, марапат қағазын толтырып, өз қолын қойған және полк мөрін соққан. Аталмыш құжатта Зейіт Рыспековтің гвардия лейтенант шенінде 113-Нижнеднестров атқыштар дивизиясы 1290-атқыштар полкінің 120 мм миномет батареясында взвод командирі екені, 1916 жылы туғаны, ұлтының қазақ екені, 1942 жылдан ВКП(б) мүшесі екені, тіпті партиялық билетінің №4956476 нөмірі, әскерге Жамбыл аудандық әскери комиссариатынан 1940 жылы 15 қаңтар күні шақырылғаны жазылған.

«Гвардия лейтенанты Зейіт Рыспеков – 120 милиметрлік минометтер батареясының взвод командирі. 1290-атқыштар полкінде 1944 жылғы 15 маусымнан. Югославия қалалары үшін шайқастарда Рыспековтің батареясы өздерін жақсы жағынан көрсетті. Атыс позицияларын өзгерте отырып, ерекше маневр көрсетіп, Рыспеков шайқас барысында өзінің жеке құрамын сақтап қалды, қарсыласын үлкен шығынға ұшыратты. Жаудың 20-ға жуық отты нүктелерін жойды. Жаяу әскеріміздің Крагуевац қаласының шабуыл шебіне қарай ілгерілеуіне қатты кедергі жасаған жаудың 1 миномет батареясын және 5 пулемет нүктесін қала үшін шайқаста жойып жіберді. Осы атыс нүктелері жойылғаннан кейін батальон қалаға аз шығынмен сәтті кірді. Гвардия лейтенанты З. Рыспеков Қызыл жұлдыз орденімен марапатталуға лайық», – делінген құжатта.

1944 жылы 2 қарашада 113-Нижнеднестров атқыштар дивизиясының артиллерия қолбасшысы, полковник Гуртовенко З. Рыспековті Қызыл жұлдыз орденіне марапатқа лайық деп қолын қойған. 1944 жылы 28 қараша күні 113-Нижнеднестров атқыштар дивизиясының штаб бастығы, гвардия майор Щербаков З. Рыспековтің 1944 жылы 18 қарашада №046/Н бұйрықпен Қызыл жұлдыз орденімен марапатталғанын растап, құжатқа қолын қойған. Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің орталық архивінде сақтаулы (Қор: 33, тізбе: 690306, сақтау бірлігі: 3234, парақ: 286). 1945 жылы 8 сәуір күні атқыштар полк командирі, гвардия подполковнигі Косянец 120 мм миномет батареясының взвод командирі, гвардия лейтенанты Зейіт Рыспековті II дәрежелі Отан соғысы орденіне марапатқа ұсынып, марапат қағазын толтырып, өз қолын қойған және полк мөрін соққан.

Аталмыш құжатта Зейіт Рыспековтің гвардия лейтенант шенінде, 113-Нижнеднестров атқыштар дивизиясы 1290-атқыштар полкінің 120 мм миномет батареясында взвод командирі екені, 1916 жылы туғаны, ұлтының қазақ екені, 1942 жылғы қазан айынан ВКП (б) мүшесі екені, тіпті партиялық билетінің №4956476 нөмірі, Ұлы Отан соғысына 1942 жылдың 29 қыркүйегінен бастап қатысқаны, 1943 жылғы 10 сәуірге дейін Калинин майданында, 1943 жылғы 10 сәуірден 20 маусымға дейін Батыс майданда, 1943 жылғы 20 қазаннан II Украин майданы құрамында соғысқаны, 1940 жылғы 9 қаңтардан 1942 жылғы 26 қыркүйек аралығында тылдағы әскери бөлімдерде болғаны, жарақат пен контузия алмағаны, әскерге Жамбыл аудандық әскери комиссариатынан 1940 жылы 9 қаңтар күні шақырылғаны жазылған.

1945 жылы 14 сәуірде 113-Нижнеднестров атқыштар дивизиясының командирі, генерал-майор Киндюхин З. Рыспектовті II дәрежелі Отан соғысы орденіне марапатқа лайық деп қолын қойған. Өкінішке қарай, қол бастаған сардар З. Рыспековке II дәрежелі Отан соғысы ордені бұйырмаған. Оған дәлел – 1945 жылы 18 сәуірде штаб бастығы, гвардия майор Щербаков З. Рыспектовтің 1944 жылы 18 сәуірде № 22/Н бұйрықпен Қызыл жұлдыз орденімен марапатталғанын растап, құжатқа қолын қойған. Сұрапыл соғыста Отан үшін елін жаудан қорғау жолында шайқас алаңдарында қайран ерлер оққа ұшып жатқанда, штабтағылар жылы жерде отырып алып, ордендерді таразыға салған-ау деген ой туады. Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін оған кадрлік офицерлер дайындайтын арнаулы оқу орындарына жолдама берілгенмен, бейбіт еңбекке араласу мақсатында елге оралды. Зейіт ата 1946 жылы Жамбыл облысы Луговой (қазіргі Құлан) ауданының Ақыртөбе ауылында 1924 жылы дүниеге келген Дана Жақыпбекқызымен отау құрады.

Майдангер Зейіт Рыспеков 1948-1950 жылдары Жамбыл облыстық мал шаруашылығы шикізатын даярлау мекемесінің басшысы қызметін абыроймен атқарды. 1950-1954 жылдары Жамбыл облысының Талас ауданы Төгіскен кеңшарындағы (қазіргі Сарысу ауданы Тоғызкент ауылы) Досбол фермасын басқарды. Одан кейін Луговой ауданының жылқы зауыты және Подгорный шаруашылықтарында жұмысшы комитетінің басшысы болып еселі еңбек етті. Әскери өмірдің қатал тәртібіне үйренген Зейіт Рыспеков еңбек еткен жылдары талапшыл бола білген. Ол еңбек ете жүріп, білім деңгейін көтеру мақсатында Сарыағаш ауданындағы (Оңтүстік Қазақстан, қазіргі Түркістан облысы) «Капланбек» мал дәрігерлік техникумына оқуға түседі. Бұл оқу орны 1943 жылы Ставропольден көшірілген мал дәрігерлік институт пен дәл сол жылы Алматыдан көшірілген республикалық кеңес партия мектебінің негізінде күшейтілген оқу орны болатын.

Оқу орнын бітіргеннен кейінгі еңбек өтілі Жамбыл облысы Жамбыл ауданындағы «Бірлесу-Еңбек» колхозында партия комитетінің хатшысы, одан кейін Талас ауданы Үшарал кеңшарында кадр бөлімінің басшысы қызметтерімен жалғасты. Зейнетке шыққаннан кейін Жамбыл қаласына, одан соң Орал қаласына қоныс аударды. Орал қаласында зейнеткер бола жүре Шаған су деңгейін бақылаушы ретінде облыстық су басқармасында жұмыс істеді. Соғыс және еңбек ардагері Зейіт Рыспеков 1997 жылы 19 ақпан күні өмірден өтті.

– Әкем мен анамның менен басқа балалары өмірден ерте озған. Мен жалғызбын. Әкем қай жұмыста болса да, маңдай терін төгіп, адал жұмыс істеген. Әрқашан әділ, талапшыл болды. Жемқорлық, руға бөлінушілікпен жаны қас еді. Ұлы Отан соғысы туралы, өзінің жауынгерлік жорықты жолдары, ерліктері жөнінде көп әңгіме айтпады. Әкем тек қысқа ғана: «Балам, біз ерлік үшін емес, ортақ Отан алдындағы қасиетті борышымызды атқару үшін жан аямай соғыстық» дейтін, – дейді майдангер Зейіт атаның ұрпағы, белгілі тарихшы ғалым Тұяқбай Зейітұлы.

Біраз соғыс ардагерімен кездестім, естелік мақалалар жаздым. Шындығына келсек, соғыс ардагерлерінің басым көпшілігі соғыс туралы естеліктермен бөліскілері келмейтін. «Енді соғыс болмасын, бейбіт өмір сүргенге не жетеді!?» дейтін майдангерлер. Оқ пен оттың ортасынан шыққан, секунд, минут сайын қарулас жолдастары оққа ұшып жатқан кездерді естеріне алу ауыр болған шығар. Ал біз сол соғыс туралы білгіміз келіп, майдангерлерді сұрақтың астына алушы едік.



ВСЕ ГРАФЫ ЗАПОЛНЯТЬ ПОЛНОСТЬЮ

НАГРАДНОЙ ЛИСТ

1. Фамилия, имя и отчество Рыспеков Зеит 286
2. Звание Гвардии лейтенант 3. Должность, часть Командир огневого взвода батареи 120 мм минометов 1290 стрелкового полка 113 стрелковой Нижнеднестровской Краснознаменной дивизии
ПРЕДСТАВЛЯЕТСЯ К ордену „Отечественная война 2 степени"
4. Год рождения 1916 5. Национальность Казах 6. Партийность Член ВКП(б) с октября месяца 1942г. партбилет № 4956476
7. Участие в гражданской войне, последующих боевых действиях по защите СССР и Отечественной войне (где, когда) В гражданской войне, последующих боевых действиях по защите СССР не участвовал. В Отечественной войне: 26.09.1942г. – 10.04.1943г. – Калининский фронт; 10.04.1943г. – 20.06.1943г. – Западный фронт; 20.10.1943г. – 21.02.1944г. – 2 Украинский фронт; 21.02.1944г. по настоящее время 3 Украинский фронт; Перерывы: 9.01.1940г. – 26.09.1942г. – в тыловых частях; с 20.06.1943г. – 20.10.1943г. – в резерве 2 Украинского фронта.
8. Имеет ли ранения и контузии в Отечественной войне Ранений и контузий не имеет.
9. С какого времени в Красной Армии 9.01.1940г.
10. Каким РВК призван Джамбулский РВК, Казахской ССР.
11. Чем ранее награжден (за какие отличия) орден „Красная Звезда" – приказ 113 стрелковой Нижнеднестровской Краснознаменной дивизии № 046/н от 18.XI.1944г.
12. Постоянный домашний адрес представляемого к награждению и адрес его семьи
13. Удостоверение личности серия XH 000001 № 189141.

1. Краткое, конкретное изложение личного боевого подвига или заслуг
Гвардии лейтенант Рыспеков Зеит – командир огневого взвода в 1290 стрелковом полку с 14.06.44 года.
В бою за деревню Пат, 31.03.1945 года, противник, выбитый нашей пехотой из первой линии траншей, попытался отойти во вторую линию. Гвардии лейтенант Рыспеков, являясь старшим на огневой позиции, выдвинул минометы на открытую огневую позицию и, открыв огонь по отступающему противнику, рассеял и частично уничтожил до роты пехоты противника. Наша пехота на плечах противника ворвалась во вторые траншеи и быстро овладела ими.
За проявленное воинское мастерство и инициативу в бою гвардии лейтенант Рыспеков З. достоин награды орденом „Отечественная война 2 степени"

Командир 1290 стрелкового полка
гвардии подполковник /Косянец/

„8" апреля 1945 года.

Ахмедияр БАТЫРХАНОВ,
ҚР Журналистер одағының мүшесі

# Полицейлерге марапат



Отан қорғаушылар күні қарсаңында облыстық полиция департаментінің бірқатар қызметкері қызметтік борышын адал атқарып, ерлік пен кәсібилік танытқаны үшін жоғары наградалармен марапатталды. Олардың бірқатарын атап өтсек, патрульдік полиция взводының командирі, полицияның аға лейтенанты Дамир Қазыханов «Ерлігі үшін» медаліне ие болды. Ол өз-өзіне қол жұмсамақ болған облыстағы екі адамның өмірін сақтап қалды. Бірінші жағдайда ол алтыншы қабаттағы терезеден секірмек болған әйелді құтқарса, екіншісінде көпірден секірмек болған бойжеткенді ажалдан аман алып қалды. Сонымен қатар облыстық полиция департаментінің қызметкері Құралай Қабырайқызы «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Ол тек қызмет-тік міндетін табысты атқарып қана қоймай, Қазақстанның абыройын халықаралық деңгейде қорғап, жауынгерлік самбодан халықаралық жарыстарға тұрақты түрде қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Оның ең ірі жетістіктерінің бірі – Дубайда өткен SWAT Challenge халықаралық турниріне қатысуы болды. Бұл жарысқа 80 елден 100-ден астам үздік арнайы бөлім командасы қатысты. Қазақстандық күштік құрылымдар әлемдегі ең мықты ондықтың қатарына енді. Аталған турнирдегі тарихи сәттердің бірі – ҚР ІІМ атынан қатысқан «Томирис» әйелдер құрамасының өнер көрсетуі еді. Бес күн бойы қатысушылар тактикалық, шабуылдау және құтқару операцияларын орындап, кедергілер жолағынан өтті. Жарыс қорытындысы бойынша Қазақстанның әйелдер құрамасы екінші орынды иеленіп, кәсіби шеберлігін дәлелдеді.

### ТАСҚАЛАДАҒЫ ФИТОЗЕРТХАНА

Жақында полицейлер есірткі заттары бар өсімдіктерді өңірімізде заңсыз өсірудің тағы бір дерегін анықтады. Тасқала ауданында жергілікті тұрғынның үйінен 12 түп қара-жасыл түсті өсімдіктер табылды. Кейбір өсімдіктердің биіктігі бір метрге дейін жеткен. Ол өсімдіктерді өсіру үшін арнайы бөлмені фитозертханаға айналдырған. Аталған дерек бойынша қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдары жүргізілуде.

Айта кету керек, 2025 жылдың алғашқы төрт айында облыс полицейлері есірткі заттары бар өсімдіктерді заңсыз өсірудің 6 дерегін анықтады. Заңсыз айналымнан 18 келіден астам есірткі заттары тәркіленді, оның ішінде 15 кг 893 грамм марихуа-



на, 759,27 грамм синтетикалық есірткі, 28,69 грамм гашиш және 1 747 грамм каннабис өсімдігі бар.

### СТУДЕНТТІ ТОНАҒАН

Орал қаласында полиция қызметкерлері студентті қорқытып, ақшасын иемденген 21 жастағы азаматты ұстады. Тергеу барысында күдікті жәбірленушінің телефоны арқылы Kaspi.kz мобильді қосымшасынан өзіне ақша аударып алғаны анықталды.

Жедел-іздестіру шаралары барысында күдікті ұсталып, уа-




қытша ұстау изоляторына қамалды. Аталған дерек бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 191-бабы 2-бөлігімен («Тонау») сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Сондай-ақ ұсталған азаматтың бұған дейін де әртүрлі қылмыс үшін сотты болғаны белгілі болды. Заңнамаға сәйкес мұндай әрекет үшін үш жылдан жеті жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе шектеу, сондай-ақ мүлікті тәркілеу түріндегі жазаны көздейді. Облыстық полиция департаменті азаматтарды мұндай жағдайға тап болған кезде дереу полицияға хабарласуға шақырады.

### ЖИҺАЗ ЖАСАУШЫ АЛАЯҚТАР

12 мамыр күні Орал қаласының полиция басқармасына шаһардың алты тұрғыны жүгініп, жиһаз жасаймын деген сылтаумен ақшаларын алып, уәдесін орындамаған ер адамға қатысты арыз жазды. Алдын ала мәлімет бойынша, күдікті Instagram әлеуметтік желісінде «жиһаз жасаймын» деп жарнама жариялап, азаматтармен жалған келісімшарт жасасқан. Кейіннен ол алдын ала төлемді алып алған соң, байланысқа шықпай қойған. Аталған дерек бойынша қылмыстық іс қозғалды. Сонымен қатар күдіктіге қатысты Атырау облысында да осындай алаяқтық әрекеттері үшін сот процесі жүріп жатқаны анықталды. Полиция азаматтарды интернет арқылы тауар немесе қызмет сатып аларда сақ болуға, сатушының сенімділігі мен шынайылығын мұқият тексеруге шақырады.

### ЖАҢАҚАЛАДА ЖАНЖАЛ КӨБЕЙДІ

Жаңақала ауданында былтыр тұрмыстық зорлық-зомбылықтың 58 дерегі тіркеліп, оның 28-і құқықбұзушының жәбірленушімен татуласуына байланысты қысқартылды. 21 дерек бойынша сот қаулыларымен құқықбұзушылар әртүрлі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Биыл төрт айда отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың 26 дерегі тіркеліп, оның 5-еуі құқықбұзушының жәбірленушімен татуласуына байланысты қысқартылса, 5 дерек бойынша сот қаулыларымен құқықбұзушылар әртүрлі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Отбасында орын алған құқықбұзушылықтардың себептерін саралайтын болсақ, басым бөлігі әлеуметтік жағдайға байланысты. Атап айтсақ, тұрақты жұмыстың болмауы, сол себептен уақтылы төленбей жатқан рәсімделген несиелер, жеке бастарында баспана болмай, пәтер жалдап, пәтерақыны төлей алмау, отағасының ішкілікке әуестігі және басқа себептері бар. Сондай-ақ отбасы кикілжіңдерінің қатарында ене мен келін, әке мен бала немесе ана мен қызының арасындағы келеңсіз жәйттердің көбейіп бара жатқаны алаңдатады. Бұл жағдайлар отбасында өсіп келе жатқан жас ұрпаққа теріс әсерін тигізері айдан анық. Сондықтан отбасы құндылықтарының маңызын арттыруға қоғам болып үлес қосқанымыз дұрыс.

**Индира ТАЖИЕВА,**
**Жаңақала ауданы полиция бөлімінің отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының аға инспекторы, полиция майоры**

# 107 хабарлама түсті




Облыстық полиция департаменті өңір тұрғындарына қандайда бір заңбұзушылықтың куәсі болсаңыз, «102» арнасына хабарласа алатынын немесе «Police-102» мобильді қосымшасы арқылы хабарлама жіберуге болатынын ескертеді. «102» мобильді қосымшасы – полиция қызметін халыққа қолжетімді ететін тиімді құралдардың бірі. Бұл қосымша арқылы кез келген жерден, кез келген уақытта ұялы байланыс арқылы хабарласуға болады. Қосымша көп арналы принцип бойынша жұмыс істейді. Оның көмегімен сіз мәтіндік немесе дауыстық хабарлама жібере аласыз, аудио немесе бейне қоңырау шала аласыз, хабарламаға фото, бейне және аудио файлдарды қоса жүктей аласыз. Сіз құқықбұзушылықтың куәгері бола отырып, ол туралы хабарлап қана қоймай, фотобейнежазбамен растай аласыз, бұл тәртіп сақшыларының жұмысын тездетеді.

Орал қаласының тұрғындарынан ағымдағы жылдың басынан бастап төрт айдың ішінде «102» мобильдік қосымшасы арқылы 107 хабарлама келіп түсті (2024ж.-265). Көбіне хабарламалар жол қозғалысы ережелерін бұзу дерегіне байланысты келген. Мәселен, келіп түскен 107 хабарламаның 47-сі тұрақ ережелерін бұзуға қатысты болды. Бұл бастама халықпен көп арналы байланыс жобасы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы және «қадамдық қолжетімділіктегі полиция» қағидатын іске асыру шеңберінде ұйымдастырылуда. Полиция департаментінің қызметкерлері «102» мобильді қосымшасын ұялы телефоныңызға Play market немесе App store-дан жүктей алатыныңызды есіңізге салады.

**Материалдарды облыстық полиция департаментінің баспасөз орталығы ұсынған мәліметтер негізінде дайындаған Гүлжамал ЖОЛДЫҒАЛИ**



Гүлсезім БИЯШЕВА,
«Орал өңірі»
gulsezimbiyasheva@gmail.com

# ҮЗІЛМЕГЕН ҮМІТ
## немесе балалы болудың балама жолы



**«Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» демекші, отау құрған ерлі-зайыптылар дүниеге ұрпақ әкелуді, үрімбұтағын жалғастыруды ең үлкен бақытына балайды. Айтсақ ауыр, айтпасқа тағы болмайды. Елімізде бедеу әйел мен белсіз еркектің қарасы көбейген. Осы орайда облыста сәби иісі мен күлкісін аңсаған 238 әйел былтыр ЭКҰ-ға (экстракорпоральді ұрықтандыруға) квота алуға өтініш жасаса, оның 71-і ғана мақұлданып, ана атанған.**

### АНА БАҚЫТЫН АҢСАҒАНДАР АЗ ЕМЕС

Келін болып түскен әулеттің ұрпағын өрбітіп, сәби сүюі – тек нәзікжандылардың мәселесі ғана емес. Жарық дүниеге дені сау нәрестенің келуінде ер-азаматтардың да үлесі зор. Десе де, бедеулік мәселесі туындай қалса немесе балалы болмаудың кінәратын қоғам бірінші нәзік жандылардан іздейтіні рас. Бірақ статистикаға сүйенсек, бүгінде бедеу әйел мен белсіз еркектің саны бірдей, яғни некелескен жұптарда баланың болмауына ер-азаматтар да себепкер екен.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен 2021 жылдан бастап «Аңсаған сәби» бағдарламасы енгізіліп, экстракорпоральді ұрықтандыруға (ЭКҰ) бөлінетін квота 7 есе көбейгені мәлім. Соның нәтижесінде «Аңсаған сәби» бағдарламасы арқылы мыңдаған отбасы бала сүю бақытына ие болды. Аталмыш бағдарлама бойынша барлық шығын мемлекет есебінен төленді.

Еліміздегі «Экомед» адам ұрпағын өрбіту орталығының негізін қалаушы, репродуктолог Салтанат Байқошқарованың БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында экстракорпоральді ұрықтандыру – әйелдің жұмыртқасы мен ер адамның ұрығын арнайы түтікшеде қолдан ұрықтандырылатынын айтқан. Алайда бұл әдіс кез келген әйелге қолданыла бермейтін көрінеді. Оның өзіндік асқынуы мен қарсы көрсетілімі бар. Жатырдың ішін бала көтертуге дайындайтын дәрі-дәрмектің те жанама әсері бар көрінеді. Ең алдымен, дәрігерлер келген науқасты бастанаяқ тексереді. Кейбіреулері ем-домнан кейін-ақ бала көтеріп кетеді. Бір айта кететін жағдай, ЭКҰ жасалғаннан кейін де оның нәтижелі боларына толық кепілдік жоқ. Деneден тыс ұрықтандыру әдісі басқа ешқандай тәсіл көмектеспеген жағдайда ғана қолданылады. Маманның айтуынша, жасанды ұрықтандыру – күрделі процесс. Әйелдің ұрығын алу үшін алдымен оны дайындайды. Одан соң аналық ұрықты шығаратын фолликула жасушасын өсіру үшін гормондық дәрілермен стимуляция жасайды. Ең үлкен доминантық фолликуланың көлемі 18-20 мм-ге жеткенде фолликуладағы ұрық оны жарып шығу үшін тағы бір дәрі беріледі. Содан кейін жіңішке ине арқылы фолликуладағы сұйықтықты сорғызып алады. Оны арнайы микроскоппен қарап, ішіндегі ұрықтың бар-жоғын тексереді. Аналық ұрықты алып, инкубаторға салады. Оның температурасы, қолайлылығы – бәрі әйелдің жатырындағыдай етіп жасалған. Ал ұрығы мүлде жоқ әйелге донор ұрық қолдануға тура келеді екен. Осы уақыт аралығында еркектің ұрығын өңдеп, әртүрлі сүзгіден өткізіп дайындайды. Егер еркектің ұрығы аз немесе әлсіз болса, онда амал жоқ, ИКСИ әдісіне жүгінеді. Нақтырақ айтқанда, ең сапалы, жақсы деген ұрықтарды іріктеп алып, арнайы микрохирургиялық құрылғының көмегімен аналық жұмыртқаға «қолмен» апарып кіргізеді. Содан соң қолдан ұрықталған эмбрионды ананың жатырына салады.

Облыста былтыр ана бақытын аңсаған 238 әйел ЭКҰ арқылы сәби сүйсем деген ниетпен квотаға өтініш жазса, 2023 жылы 240 отбасы жүгінген. Ал 2022 жылы 246 ерлі-зайыптыдан өтініш түскен. Биыл бағдарлама бойынша құжат қабылдау енді басталуда. Бұл туралы бізге облыстық денсаулық басқармасы басшысының орынбасары Айнаш Ғұбайдуллина **(суретте)** айтқан еді.



### ЭКҰ: 71 СӘБИ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

Өңірде соңғы үш жылда ЭКҰ арқылы қанша ата-ана сәбилі болды? Облыста қанша репродуктолог маман бар? «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша квотаға кімдер өтініш жаза алады? Талаптары қандай және қайда жүгіну керек? Бұл туралы облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Айнаш Ғұбайдуллина жауап берген еді.

Оның мәліметінше, былтыр экстракорпоральді ұрықтандыру арқылы сәби сүюге ниеттенген облыстағы 71 әйелге квота бөлініп, олар бөбектерін қолдарына алған. Бұл көрсеткіш былтыр 102 болса, 2022 жылы 123 болған екен.

– Еліміз бойынша квота бөлінетін орталықтардағы ЭКҰ процедураларының бағаларына тоқталсақ, 2020 жылы бір әйелге орташа шығын 865 мың теңге бөлінсе, 2021 жылы – 937 мың теңге, 2022 жылы бір миллион теңге көлемінде болған. 2023 жылы 1 100 000 теңгені құрады. ЭКҰ бағасы жыл сайын қымбаттауда. Экстракорпоральді ұрықтандыру әйел денсаулығына қауіпті емес пе деген сауалыңызға айтарым, егер әйелдің созылмалы сырқаттары немесе денсаулығында кінәрат болмаса, жүктілікке тиянақты дайындалған болса, қауіпті емес. Облыстық денсаулық сақтау басқармасында штаттан тыс бас репродуктолог маман біреу, ал Орал қаласындағы жеке клиникаларда 3 репродуктолог қызмет етеді, – деді А. Ғұбайдуллина.

### «АҢСАҒАН СӘБИ»: КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Маманның айтуынша, «Аңсаған сәби» бағдарламасы бедеулік диагнозы қойылған пациенттерге арналған. Оған отбасылық жұптар да, жеке адамдар да қатыса алады. Негізгі талап – Қазақстан азаматы болуы тиіс және Денсаулық сақтау министрлігі белгілеген медициналық талаптарға сәйкес келуі керек. Одан соң бағдарлама тек репродуктивті жас – 18-ден 49 жасқа дейінгі қатысушыларға ғана мүмкіндік береді. Қалыпты соматикалық және эндокриндік көрсеткіштер, жоғары фолликулярлық резерв те маңызды. Сондай-ақ бағдарламаға қатысатын адам міндетті түрде ерікті түрде жазбаша келісім береді. Мамандар жатырдың туа біткен немесе жүре біткен ауытқулары, соматикалық және психикалық бұзылулар, аналық без ісіктері, жедел қабыну және кез келген локализация онкологиясы, денедегі қатерлі өскіндер болған жағдайларда науқасты экстракорпоральді ұрықтандырудан бас тартқызуы мүмкін.

### ЖОЛДАМАНЫ ҚАЛАЙ АЛАДЫ?

– Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында ЭКҰ-ға жолдама алу үшін алдымен тіркелген жері бойынша емханаға бару міндетті. Тіркелген емханасына барып, қажетті талдамаларды тапсырады. Бедеулік диагнозы қойылу керек. Емханадағы бейінді маманның қорытындысы негізінде облыстық перинатальдық орталықтағы ЭКҰ бойынша кураторға жолданады. Онда комиссия қарап, оң шешім шығарған жағдайда әйелді «Емдеуге жатқызу бюросы» порталына тіркеп, емшараға дайындық басталады. Пациент жасанды ұрықтандыру клиникасын өзі таңдайды. «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша ЭКҰ жылына бір рет тегін жасалады. Егер талпынысыңыз сәтсіз аяқталған жағдайда қайтадан кезекке тұрасыз, – деді Айнаш Жұбанышқызы.

### БЕЛСІЗДІК ПЕН БЕДЕУЛІК НЕГЕ БЕЛЕҢ АЛА БАСТАДЫ?

Жалпы, жасанды ұрықтандыру әдісі елімізде 1995 жылы қолға алынған. Алматы қаласында шағын зертханадан басталған тәжірибе бүгінде іргелі ғылыми Репродуктивтік медицина институтына айналды. Бүгінде ЭКҰ арқылы сәби сүюге мүмкіндік беретін орталықтар ел аумағында көбейді. Жалпы, ЭКҰ әдісін айтқанда, көбіне елімізге танымал репродуктолог-эмбриолог, биология ғылымдарының докторы Салтанат Байқошқарованың есімі жиі аталады. Ол бір сұхбатында Қазақстанда әрбір алтыншы отбасы балаға зәру екенін айтқан.

– Белсіздік пен бедеулікке алып келетін себептер әртүрлі. Көбінесе ерлер мен әйелдердің бұл мәселемен бетпе-бет келуіне өздерінің өмір сүру салты, мысалы, ерте басталған және ретсіз жыныстық қатынастар, суық тигізу немесе түрлі инфекциялардан болатын қабыну процестерінің орын алуы, дер кезінде медициналық көмекке жүгінбеу, тіпті дұрыс тамақтанбау сияқты жайттар да әсер етеді. Одан бөлек, экологиялық жағдайлардың, ғылыми-техникалық прогрестің әсері де баршылық. Басқа аурулар сияқты бедеуліктің де алдын алуды бала кезден бастаған жөн. Мәселен, бала кезінен қыз баланы уақтылы балалар гинекологіне, ұл баланы андрологқа апарып, баланың ағзасының, жыныстық жүйесінің дұрыс дамуын, денсаулығында асқыну ауруларының бар-жоқтығын тексертіп тұру керек. Осылайша, бедеулікке алып келетін кейбір аурулардың алдын алуға болады. Ата-ана өсіп келе жатқан ұрпақты жастайынан жіті бақылап, баланың денсаулығында қандай да бір ауытқулар байқаса, бірден дәрігерге жүгінуі керек. Қазіргі кезде ер балалар 14-15 жасқа толмастан махаббат ләззатын татқысы келіп, жыныстық қатынасқа тым ерте түседі. Сондықтан ұлдарды осы уақытта жіті бақылау маңызды. Ерте жыныстық қатынасқа түсу себебінен әртүрлі созылмалы жыныстық ауруға шалдығып, бұл өз кезегінде аталық ұрықтың қабынуына әкеліп, ұрпақ өрбітетін жасқа жеткенде белсіздікке тап болуы әбден мүмкін. Сонымен қатар ерлердің ұрпақ жалғастыра алмауының тағы басқа бірқатар себептері бар. Оған еркектен бөлінетін сперматозоидтың аз немесе сапасыз болуы, аталық ұрық безіндегі ісік, қант диабеті, созылмалы жұқпалы аурулар мен басқа жағдайлар да әсер етеді. Бірақ ең бастысы, дер кезінде балаға дұрыс тәрбие бермегендіктен, ата-аналар кейін зардабын шегіп жатады.

Қыз балалардың да ерте жыныстық қатынасқа түсіп, құрсақ көтеріп қалатын жағдайлары көп кездеседі. Ұятты болып қалғанын білдірмеу үшін түсік жасатып, өзін бедеулікке апарады. Алғашқы жүктілік кезінде жасалған түсіктер көп жағдайда әйелдің ағзасын қатты жарақаттайды. Әрине, бедеуліктің себептері әртүрлі. Оған тек түсік жасатқандарды ғана жатқызуға болмайды. Мәселен, нәзік жандарда гормоналды ауытқулар, эндокринді аурулар, жағымсыз экологиялық жағдайлар, жатыр түтігінің бітелуі, эндометриоз, миома, етеккірдің бұзылуы, жатыр мен жатыр түтікшелеріндегі патология, тағы басқа көптеген факторлар себеп болады. Мұндай аурулардың кейбіреуі суық өту әсерінен болады. Кейбір әйелдерде іштен туа біткен бедеулік те болады. Оған жыныс мүшелерінің, жатырдың жетілмей тууы – басты себеп. Мұндай ауытқуларды асқындырып жібермеу үшін қыз баланы, әсіресе кәмелеттік жасқа толған кезден бастап бақылауға алып, гинеколог дәрігерлерге тексертіп тұру қажет. Кезінде аналарымыз үйдің берекесін сәбилердің дауысымен толтырып, 10-12 баланы дүниеге әкелетін. Біздің заманда бұл таңғаларлық жағдай болса, о заманда жұрт үшін бұл қалыпты жағдай болатын. Ал бүгінде мұндай мәселені өте сирек кездестіресіз. Тіпті жоқтың қасы десек болады. Табиғатынан әйелдердің ағзасы 6-9 балаға дейін туа алатын мүмкіндіктері бар. Бірақ олар көбіне 2-3 сәби туумен шектеледі. Алайда бүгінде бір баланың өзін көтере алмай жүргендерді көргенде, оған да шүкір, XXI ғасыр бедеуліктің күш алып бара жатқан заманы ғой дейсің. Ол ең алдымен жас отбасының шайқалуына, артынан ерлі-зайыптылардың ажырасуына алып келеді, – деген.

Қоғамда сәби сүйе алмаған жандардың әртүрлі себептері бар. Ал ЭКҰ – басқа емдеу жолдары тиімсіз болғанда ғана қолданылатын тәсіл. Сондықтан ең дұрысы, ерте жастан бедеулік пен белсіздіктің алдын алу қажет.

---

«Интергаз Орталық Азия» АҚ Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес экологиялық құжаттама материалдары: «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Орал» магистральдық газ құбырлары басқармасы филиалының Шежін желілік-өндірістік басқармасы үшін 2025-2034 жылдарға арналған атмосфераға ластаушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары. Экологиялық рұқсатты рәсімдеу Zoom платформасы арқылы бейнеконференция (БКС) форматында қоғамдық тыңдауларға қосылу мүмкіндігі бар.

Zoom платформасына сілтеме: https://us04web.zoom.us/j/4639264321?pwd=MembcBxd3JS3XKuZZD2DpV527gd1od.1

Конференция идентификаторы: 463 926 4321

Кіру коды: 9QuzUe

Бастамашы «Интергаз Орталық Азия» АҚ, Астана қаласы, Ә. Бөкейхан, 12-ғимарат, БСН 970740000392, ИИК KZ196010111000020945 АО «Народный Банк Казахстана».

Әзірлеуші: «Алия и Ко» ЖШС, БСН 070540000971. Нақты мекенжайы: ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр, 74 «В»; Тел: 8 (7132) 90-55-66

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен www.ndbecology.gov.kz. сайтынан және ЖАО https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru сайтынан танысуға болады.

bereznyak@ica.kz

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ tabigat_zko@mail.ru эл. мекенжайы бойынша қабылданады.

| Объектінің атауы | Өткізу орны: | Өткізу күні мен уақыты |
|---|---|---|
| **Жобаның атауы:** «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Орал» магистральдық газ құбырлары басқармасы филиалының Шежін желілік-өндірістік басқармасы үшін 2025-2034 жылдарға арналған атмосфераға ластаушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары. | | |
| АГТС «Каменка» | БҚО, Тасқала ауданы, Тасқала ауылдық округі әкімдігінің ғимараты, Тасқала ауылы, Абай көшесі, 20 В | 24.06.2025 ж. 11:00 |
| КС Шежін мен АГТС «Шежін-1» | БҚО, Тасқала ауданы, Амангелді ауылдық округі, Шежін ауылы, 1, Шежін компрессорлық станциясының акт залы. | 24.06.2025 ж. 15:00 |
| АГТС «Шежін-2» | БҚО, Тасқала ауданы, Шежін ауылдық округі, Шежін 2, Бадаш Жүсібалиев көшесі, 24, әкімдік ғимараты. | 25.06.2025 ж. 09:30 |
| АГТС «Подтяжки» | БҚО, Тасқала ауданы, Мереке ауылдық округі, Мереке ауылы, Ақжігітов көшесі, 20а, әкімдік ғимараты. | 25.06.2025 ж. 12:00 |
| АГТС «Богатырев» | БҚО, Казталов ауданы, Болашақ ауылдық округі, Болашақ ауылы, әкімдік ғимараты. | 25.06.2025 ж. 16:00 |
| АГТС «Мұратсай» | БҚО, Бөкей ордасы ауданы, Мұратсай ауылдық округі, Мұратсай ауылы, Абай көшесі, 22, әкімдік ғимараты | 26.06.2025 ж. 12:00 |
| АГТС «Қайрат» | БҚО, Жәнібек ауданы, Тау ауылдық округі, Тау (Қайрат) ауылы Абай көшесі, 1, әкімдік ғимараты | 26.06.2025 ж. 16:00 |
| АГТС «Тегісшіл» | БҚО, Жәнібек ауданы, Борсы ауылдық округі, Тегісшіл ауылы, орта мектеп | 27.06.2025 ж. 10:00 |
| АГТС «Қараоба» | БҚО, Казталов ауданы, Қараоба ауылдық округі, Қараоба ауылы, Бектұрған көшесі, 18, әкімдік ғимараты. | 27.06.2025 ж. 15:00 |

**БҚО Әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының «Облыстық мамандандырылған олимпиада резервінің балалар-жасөспірімдер мектебі» МКҚК азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:**

1. Дәрігер – 0,5 бірлік.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

– Мамандығы бойынша жоғары білім.

**Конкурсқа қатысушылардың құжаттары хабарландыру шыққан күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжайда қабылданады:** Орал қ. Зашаған кенті, Бірлік көшесі, 7А. Анықтама алу үшін: тел./факс: 8 (7112) 24-01-29, 8 702 934 23 09.




## САУДА-САТТЫҚ




Жер телімі (5 сотық) сатылымда. Жаңа темір қоршаумен толықтай қоршалған. Аула ішінде жөндеусіз уақытша баспана бар. Газ, жарық, су желілері жүргізілген, септик орнатылған. Мектеп, балабақша мен дүкендер жақын орналасқан. Аялдама да алыс емес. Айнала толықтай асфальтталған, тыныш аудан. Бағасы – 12 млн теңге, саудаласуға болады.

**Мекенжайы:** Арман ықшам ауданы, №38 мектеп маңы, Қазақ ауылы.

**Байланыс нөмірі: 8 705 166 45 01.**

Газет ҚР Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 19 мамырда тіркеліп, №KZ49VPY00070442 куәлігі берілген

zhaikpress.kz

**«ORAL ÓŃIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral_oniri@inbox.ru**

**Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС**

**Бас директор Дархан ОРАЗОВ**

**Редакция алқасы:**
**Бас редактор Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН**
**Нұртай ТЕКЕБАЕВ,**
**Гүлсезім БИЯШЕВА**
**(бас редактордың орынбасарлары)**

**Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)**

Бас директордың қабылдау бөлмесі 50-30-14.
Бас редактор 51-25-80.
Бас редактордың орынбасарлары 54-18-08.
Жауапты хатшы 54-38-22.
Жарнама қабылдау тел./факс: 51-51-09.
Эл. пошта: zhaikpress-reklama@mail.ru
Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды.
Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет облыстық «Oral óńiri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Л. Толстой көшесі, 27/6. Телефон: 50-51-46
Индексі: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 10880
4 баспа табақ. Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар: **Н. СҰЛТАНОВА, Р. АВДЕЕВ**

Кезекші редактор: **М. ҒИЛЫМХАН**

**Елімізде республикалық репродуктивті денсаулық апталығы (12-18 мамыр аралығы) өткізіліп жатыр. Осы апталық аясында өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында облыс әкімінің кеңесшісі Жансұлу Төремұратованың қатысуымен арнайы брифинг ұйымдастырылды. Іс-шарада аталған апталықтың мақсат-міндеті, жастардың денсаулығын сақтау бағытындағы шаралар және білім беру ұйымдарында жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмысы туралы кеңінен айтылды.**



# Репродуктивті денсаулық апталығы

Брифингте облыстық білім басқармасының бөлім басшысы Хажарбибі Искандарова сөз алып, репродуктивті денсаулық апталығының маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, бұл бастама Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында жүзеге асып отыр және ол еліміздің жас ұрпағының денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған. Апталық шеңберінде барлық білім беру ұйымдарында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілетіні хабарланды. Бұл жұмыстар танымдық, тәрбиелік сипатта өтіп, оқушылар арасында өмірге оң көзқарас қалыптастыруға, ұлттық мәдениет пен дәстүрді құрметтеуге үндейді.

Хажарбибі Искандарова өз баяндамасында жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтау – отбасы институтын нығайту мен ұлт саулығының негізі екенін айтып, бұл бағыттағы жұмыстың маңызын ерекше атап өтті.

Брифинг барысында облыстық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының өкілі Жұлдыз Кәрімова да сөз алып, өңір тұрғындарын республикалық репродуктивті денсаулық апталығы аясында ұйымдастырылып жатқан шараларға белсенді қатысуға шақырды.

– Репродуктивті денсаулық – бұл өмірдің кез келген кезеңіндегі өсімпаздық жүйенің толық физикалық, ақыл-ой және әлеуметтік саулығы. Бұл – әр адамның, әр отбасының, әсіресе жастардың болашағына тікелей әсер ететін маңызды тақырып, – деп атап өтті Жұлдыз Кәрімова.

Ол репродуктивті денсаулықты сақтау ережелеріне де тоқталып өтті. Атап айтқанда, салауатты өмір салтын ұстану, отбасын жоспарлау, қаламаған жүктіліктің алдын алу, тиімді контрацепция құралдарын пайдалану – маңызды профилактикалық шаралар қатарында.

Бүгінде Батыс Қазақстан облысында халық саны 693 мыңнан асса, соның ішінде 356 376 әйел, 155 065 фертильдік жастағы әйелдер. Облыста жалпы 42 016 жасөспірім болса, соның 15 150-і – қыздар. Осы топтар үшін репродуктивті көмек қолжетімді болуы аса маңызды. Аймақта жүкті әйелдерге, жасөспірімдер мен ұрпақ өрбіту жасындағы әйелдерге амбулаторлық көмек 6 қалалық және 15 аудандық медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарында, сондай-ақ 66 дәрігерлік амбулаторияда, 62 фельдшерлік-акушерлік пункт пен 200 медициналық пунктте көрсетіледі.

– Жастардың денсаулығын сақтау – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Осы мақсатта облыс бойынша жастарға арналған төрт денсаулық орталығы жұмыс істейді. Бұл орталықтарда 10 жастан 29 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен жастарға репродуктивті және психикалық денсаулық, жұқпалы аурулардың алдын алу, психоәлеуметтік және құқықтық қолдау көрсету бағытында кешенді қызмет ұсынылады, – деді баяндамашы.

Сондай-ақ ол 2024 жылдың қыркүйегінен бастап 11 және 12-13 жастағы қыз балаларға адам папилломасы вирусына (HPV) қарсы вакцина егу жұмыстары басталғанын мәлімдеді. Бұл шара жатыр мойны обырының алдын алуға бағытталған. Себебі елімізде бұл қатерлі ісік түрі әйелдер арасында екінші орында тұр. Скринингтік зерттеулер мен вакцинация – аурудың алдын алудағы ең тиімді тәсілдердің бірі.

Апталық аясында өңірдің барлық медициналық ұйымдарында ашық есік күндері, семинарлар, ақпараттық акциялар, дәрігерлік кеңес беру және тексерулер ұйымдастырылады. Сонымен қоса брифинг барысында №1 қалалық емхананың акушер-гинекологі Әйгерім Сәкенова жүктілікке дейінгі дайындық – предгравидарлық кезеңнің маңызын атап өтті. Оның айтуынша, бұл – болашақ ананың ғана емес, әкенің де жауапкершілікті сезінетін уақыты.

– Дені сау баланың дүниеге келуі әйел мен ер адамның өмір салтына, дұрыс тамақтануына, созылмалы ауруларын емдеуіне тікелей байланысты. Сондықтан бұл кезеңде толық тексеруден өтіп, қажет болса, алдын алу шараларын қабылдау – міндет, – деді маман.

Әйгерім Сәкенова ер адамдардың бедеулік мәселесіне де назар аударды. Артық салмақ, күйзеліс, дұрыс емес тамақтану мен зиянды әдеттер – барлығы да репродуктивті қабілетке кері әсер етеді. Сол себепті ер адамдар да кеңес алу мен емделуден шет қалмауы тиіс.

Сарапшылардың айтуынша, фолий қышқылы мен басқа да маңызды дәрумендер мен микроэлементтерді жүктілікке дейін 2-3 ай бұрын қабылдай бастаған дұрыс. Бұл түрлі туа біткен ақаулардың алдын алуға көмектеседі.

Брифинг соңында мамандар барлық тұрғынды осы апта аясында ұйымдастырылатын шараларға белсенді қатысуға, репродуктивті денсаулықты сақтау – жеке жауапкершілік екенін ұмытпауға шақырды.

**Жанерке ҒИНАЯТ,**
**Орал қаласы**



# Көпқабатты үйлердің қасбеті жаңғыртылуда

Қазіргі таңда Орал қаласында көпқабатты 1715 тұрғын үй бар. Оның 70%-дан астамы XX ғасырда салынған. Қала келбетін жақсарту мақсатында сыртқы сұлбасы ескірген тұрғын үйлердің қасбетіне ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілуде. Бүгінде Орал қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімімен бірлесіп, саралай келе, 58 көпқабатты тұрғын үйді таңдаған. Сараптама барысында жауапты мамандар Нұрсұлтан Назарбаев, Абай Құнанбайұлы, Әбілқайыр хан даңғылдары мен Юрий Гагарин және Сырым Датұлы секілді қаланың басты көшелеріне ерекше назар аударған. Әрлеу жұмысын қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі атқарада.

Қала әкімдігінің баспасөз қызметі ұсынған мәліметке сүйенсек, жөндеу жұмысы осы жылдың 16 сәуірінде басталған. Ол үшін қалалық бюджеттен 2 млрд 154 млн теңге қаражат бөлінген. Жаңарту жұмыстарына жұмылдырылған 14 мердігер компания 2 ай мерзім уақыт ішінде 58 үйдің қасбетін қалыпқа келтіреді.

«ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңының 10-3-бабына сәйкес жергілікті атқарушы құрылымдар жергілікті бюджет қаражаты болған жағдайда елді мекеннің бірыңғай сәулеттік келбетін қалыптастыру мақсатында көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттері мен шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеуді ұйымдастыруға және қаржыландыруға құқылы. Облыс орталығы Орал қаласындағы көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу – шаһардың эстетикалық келбетін жаңартуға, туристер мен инвесторларды тарту үшін мүмкіндік береді. Көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеті – қаланың келбеті десек те болады», – деп хабарлады қала әкімдігінің баспасөз қызметі.

**Нұр-Бақыт ТҰРСЫНБАЕВ,**
**Орал қаласы**

Мәди САЛЫҚ

